



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№23 (560)  
6 маусым,  
2024 жыл

## СУ РЕСУРСТАРЫ:



### САПА МЕН САУАТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Су – тіршілік көзі, әлем қажеттіліктерінің бірі. Ауыл шаруашылығы, өндіріс, тұрмыс пен экологиялық жүйелерде қолданылатын басты ресурс. Алайда XXI ғасырдың басында су ғаламдық маңызды мәселеленің біріне айналды. Климаттық өзгерістер, халық санының өсуі және антропогендік әсерлердің нәтижесінде жер бетіндегі судың қолжетімділігі мен сапасы нашарлауда.

#### Қарабура қойған қария


Су шаруашылығы саласын зерттеу барысында Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты еңбегімен танысып, зер салдық. Кітапта 1949 жылы Қызылордадағы Бөрібай арнасының тасуы туралы жазылған.

Өткен ғасырда мұндай мәселе қалай шешілген?

«...Бөрібай арнасының жоғары жағындағы жойқын апат аяғымыздан тік тұрғызған. Қар еріп, сай-саланы су қаптап, арна тасыған тұста сел бөгенді жырып, төмен қарай лап қойған. Қызылорданы сел алып, Орталық Азия күре тамыры – теміржол бойын ойран-асырын шығару қаупі төніп тұрған-

ды. Оған қарсы мол техника, қыруар адам күші жұмылдырылды. Ташкент пен Алматыдан гидротехниктер келіп, әскери бөлімшелер іске араласты. Аз күнгі, бірақ ауырталығы оңайға түспеген бұл жұмыстың бар тізгінін өз қолыма алуыма тура келді.

2



Қалдыбай СМАЙЫЛҰЛЫ:

### РОЗА БАҒЛАНОВАНЫ ЖҮК КӨЛІГІМЕН ТАСЫДЫМ

«Кемеңгерге де кенес керек, ай түнде, ақыл күнде керек» дегендей, ақылды көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұраған жөн. Сондай тұлғаның бірі, үнемі жайраң қағып жүретін Қалдыбай Сүгірбай биыл 85 жасқа толды. Ол 1939 жылы 14 мамырда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ақсақал ұзақ жылдар Шиелі ауданының ұлттық идеологиясына жетекшілік жасады. Мамандығы орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан, аудандағы этнос оқилдерімен тіл табысып, ұлттар арасындағы достықты сақтай білді. Қалекен жағымды мінез-құлықпен орыс, шешен, корей, татар, өзбек сынды ұлттар арасында да «Уважаемый, Калек» атанып, аралас-қуралас жүріпті.

Өткен дәуірдегі коммунистік партияның алдыңғы шептегі батыл, қайсар, өте білімді старшинасы болды. Оны заманда тұстастары жақсы көрді. Қазіргі қариялар да Қалекенді көргенде бауырлары келгендей құшағын жаяды. Мұның артында көркем мінез, үлкен жүрек, адалдық, адами қасиет, зор білім жатқандығын анық аңғарамыз.

Сананы үзбей жетілдіріп отырудың бір жолы – кітапқұмарлық. Оған газет-журналдарға деген жанашырлығын қосыңыз. Екіншіден, өнерге деген құрметі. Өнер адамдарымен тығыз байланысы. Әсіресе дүлдүл әнші Роза Бағланова жайлы айтқан естелігі бізді тәнті етті. Жастарға, ұрпаққа айтары бар үлгілі қарияның берер тәлімі мол. Сол үшін де Қалдыбай Смайылыұлымен ауыл ақсақалымен сөйлескендей, еркін әңгіме-дүкен құрдық.

– Өміріңіздің алғашқы шырағданы жағылған тұстан бастап айтып берсеңіз?..

– Әкем Смайыл Сүгірбайұлы 1896 жылы Шиелі ауданына қарасты Бәйгекүм елдімекенінде дүниеге келген. Оның айтуынша, отбасымыз Бәйгекүм, Тартоғай, Сұлутөбе сынды елдімекендерде көшіп-қонып жүрген. Ұлы Отан соғысы жылдарының алдында Қызылорда қаласына қоныс аударып, темір жолшы болып жұмысқа орналасады да, сонда баспаналы болады. Әкем кең иықты, денелі, сары кісі еді. Барынша аңқылдақ, жалған сөзге жоқ болатын. Еңбектен қашпайтын қарулы жан. Темір жолда вагон құрастырушы болған, жұмыс аяғында үйге қаппен көмір, небір қажетті темір бұйымдарын таситын.

Ал анам Құлшәрі 1906 жылы туған. Әкесі Әжімбеттен өзінен басқа Құлбәрі атты сіндісі, Ұлы Отан соғысына қатысқан Мұхтар атты інісі болған. Анамыз ескіше де, жаңаша да мектепте оқымаған, бірақ зеректігі сондай – латынша да, орысша да жазуды меңгерген. Газет, журнал, әдеби кітаптарды өзі оқи беретін. Анамыз 7-8 құрсақ көтергенімен, олары жастай шетінеі берген, тірі қалып, өсіп-жетілгені ағамыз Базарбай екеуміз-ақ.



5-бетте

## ТЕНДЕР

Таргет, трейдинг, фрилансерлік қызмет туралы мақалалар осыған дейін жарыққа шығып жүрді. Бұл салаларды байланыстыратын жалғыз дүние – табыс. Сол секілді бүгін қаржы табудың ұтымды жолы тендер туралы сөз қозғамақпыз.

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА

### ЖОЛ АША МА?

Тендер – тауар сатып алудың тағы да бір әдісі. Оның жоғарыда атап өткен салалардан ерекшелігі – әлемдік дәрежеде танымал болуында. Жол салсақ та, дүкенге азық-түлік алсақ та, көшенің жарық шамдарын жөндесек те тендерге жүгіну қажет. Оның фрилансерге ұқсастығы бар. Яғни тендер жариялаушы және фрилансис – қызмет ұсынушы болады, ал тұтынушы өзі қалағанын таңдайды.

4-бетте



## ОТБАСЫЛЫҚ МӘСЕЛЕ ОТ БАСУДАН ТҰРМАУЫ КЕРЕК

Өткен жылы Қазақстандағы ажырасу 1000 адамға шаққанда 0,84 коэффициентті құраған. Жоғары деңгейі ШҚО-да, ал ең төмені Түркістан облысында тіркелген. Шаңырағы шайқалғандардың көбі 1-4 жыл немесе 5-9 жыл аралығында некеде болған. Биыл бұл көрсеткіш 9,6%-ға азайған. Десе де еліміздегі ажырасу мәселесі көңіл көншітерлік емес.

#### Себеп пен салдар

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, жұптардың ажырасуына бірнеше фактор себеп. Олардың көшін бастап тұрған – алкогольизм, наркомания – 61,7%, тұрмыстық зорлық-зомбылық – 51,1%, жұптардың

бір-біріне адал болмауы – 47%, лудомания – 38,4%-ды құрап отыр. Ал 20% жұптардың екіге бөлінуіне бала сүйе алмағандығы себеп.

Қалай десек те ажырасудың көбейіп бара жатқаны жасырын емес.

3-бетте

## БАСПАСӨЗ-2024

Республикалық «Ақмешіт жастары» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүргізілуде. 6 айға жекелер, мекемелер үшін 2500 теңге

Көз тастаған келешек асқарына,  
Жазылыңыз  
«Ақмешіт жастарына»...



БАР МЕЙІРІМ –  
БАЛАЛАРҒА

3



ӨМІРЛІК ТАҢДАУДАН  
ҚАТЕЛЕСПЕЙМІН  
ДЕСЕҢІЗ...

4



Басы 1-бетте

# СУ РЕСУРСТАРЫ: САПА МЕН САУАТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ



Әрбір минут қымбат еді. Жауынгерлер мен теміржолшылар бөгеннің «тығыны ашылған» жерді бітей алмай, салымыз суға кетіп тұрған кезде маңдайын әжім торлап, еңкіш тартқан қарт құдай айдап келе қалмасы бар ма. Бізге күн сала қарап тұрып:

– Босқа арам тер болмандар, – деген қарияға жұрт түгел назар аударды. – Жырынды су оңайлықпен өл бермейді. Оны «қарабурамай» ауыздықтау қиын, – деді сөзін жалғап.

Тосын сөз еріксіз елен еткізген. – «Қарабураңыз» қалай, түсінбедің, қария, – деп жөн сұрадым. Шал асықпай, аптықпай мән-жайды түсіндіре бастады.

– Ұзындығы 15-20 құлаш келетін жуан арқанның үш-төртеуін қатар жазып, жерге тастандар да қамыс, сабан төсеп, үстіне шым салындар. Сосын киіз шырыштықандай тас қып орап арқанмен шандып байландар да, бөгеннің кеткен жеріне қойындар. Онымен казак асау дарияны да тоқтатқан.

– Апыр-ай, – дедім әрі қайран қалып, өрі мұны қалай бастарымды білмей.

– Қарағым, мен білсем, осы жердің бастығы сен боларсың, – деді бір қайрат танытқалы оқталып. Содан соң қасына бес-он адам қосса бәрін өзі істеп беретінін жеткізді.

Ақсақалдың айтқанын айна қатесіз жүзеге асырдық. Тоған жасалып, алып қашып жатқан сел сап тыйылды. Қарттың айтуынша, бөген жасап, асау өзенді «бұғалықтаудың» осынау халықтық әдісі бағзы заманнан – Әмір Темір билеп-төстеп тұрған тұстан қолданылады-мыс. Неше күн, неше түн не ұйқы, не күлкі көрмей, жер қайысқан күшпен тоқтата алмаған апағты өзіміз тындырғандай Алматыны былай қойып, сонау Мәскеуде жатқан Маленковқа баяндадық. «Бәрекелді!» дегенді біз естідік. Бірақ мен осы бір оқиға есіме оралған сайын халық даналығынан асқан ұлылық, халық жинақтаған өмірлік тәжірибеден асқан күдірет жоқ деген тоқтамға иек артамын да тұрамын...»

Қоғам қайраткері баяндаған оқиғадан байқағанымыздай, Қазақстанда табиғи апағт бұған дейін де күрделі мәселенің бірі болған. Соңғы жылдары климаттың өзгеруіне байланысты су ресурстарының мөлшері азайып, олардың қолжетімділігі төмендеуде. Жаз айларында су қоймаларының деңгейі түсіп, өзен, көлдердің тартылуы ауыл шаруашылығы мен экожүйеге кері әсерін тигізуде.

## Тасқынға тосқын

Жыл сайын басшылық пен халықты өбігерге салатын су тасқыны қауіпі биыл шындыққа ұласты. Ақпан айында жүргізілген дайындық жұмыстары

көктеммен ілесіп келген судың алдын ала алмады. Су тасқыны наурыздың 19-ы басталды. Жә, бұл апат туралы айтылмаған, жазылмаған ақпарат қалмады. «Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті» демекші, апат кезіндегі олқылықтарды ескеріп, келесіде мұндай кеселге жол бермеудің қамын жасаған абзал.

Өңірге ойыссақ. Қызылордада суға байланысты нысандарды қарастырайық. Өңірде жалпы ұзындығы 2 мың шақырымнан астам 19 магистралды және 13 шаруашылықаралық канал орналасқан. Гидротехникалық құрылыстар саны – 688. Сондай-ақ, ұзындығы 1000 шақырымға жуық 21 дана қашыртқы бар. Жаңақорған ауданында маусымдық суаруға арналған 2 су қоймасы, ал Сырдария өзенінің бойында 625 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгеттері бар. Қызылорда, Әйтек, Қазалы және Ақлақта су тораптары, Қараөзек пен Солтүстік Арал теңізінде су тастау құрылымдары орналасқан. Ал су шаруашылығы нысандарына жылына екі рет тексеріс пен жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Арналар мен қашыртқыларды тазалау, су тасқынын алдын алу және бөгеттерді нығайту секілді жұмыс түрлері қарастырылған.

## Сурауы бар су

Қызылорда облысы тегіс, жазық аймақта орналасқан. Ал су қоймасын салу үшін таулы, ойпатты аймақ қажет. Сондықтан Қызылордада үлкен көлемдегі су қоймалары жоқ.

Өңірдегі су қоймалардың бірі – Қараөзек қоймасы. Су жинау көлемі – 775 млн текше метр. Көқарал бөгеті арқылы Үлкен Арал теңізіне қайтарымсыз тасталып жатқан судың бір бөлігін сақтайды. Кейін вегетациялық кезеңде Қазалы ауданының 31 мың гектар егістік жерін, арна бойындағы 120 мың гектар шабындық пен жайылымдарды сумен қамтамасыз етеді. Су торабынан жоғары орналасқан аймақтардағы су тасқынының алдын алу үшін өзен суы Қараөзек арнасы арқылы өткізіледі.

Әйтек су торабынан төмен қарай Сырдария өзенінің су өткізу қабілеті секундына 700 м3 болса, қыста мұз ұстасу себебінен су өткізу секундына 425 м3-тен аспайды.

Сыр өңірін тілге тиек еткенде Сырдарияның суын сұрайтындар көп. Биыл да дарияның деңгейі мақтанатындай жағдайда емес. Ал кейінгі 12 жылда Арал теңізінің суы 6,2 млрд текшеге азайған. Облыстағы ауыл шаруашылығы саласы Сырдария өзені арқылы келетін су көзіне тәуелді.

– Кейінгі жылдары Сырдария өзенінде су көлемінің аз болуына байланысты Кіші Арал теңізіне

жиналған су көлемі 21,5 млрд текше метрге кеміді. Қазір Кіші Арал теңізіндегі судың көлемін төмендетпеу және Арал теңізіне жіберілетін су көлемін ұлғайту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев.

## Өзен – өмір өзегі

Қызылорда облысының негізгі су көзі саналатын Сырдария трансшекаралық өзен. Сәл артқа көз салсақ, құтқару қызметінен өзен деңгейінің көтерілгені жайлы хабарлама жиі келетін. Бүгінде ұялы телефонға тек жел мен дауыл жайлы ескерту келмесе, су деңгейі туралы оқымағалы қашан. Бірақ табиғи апат айтып келмейді демекші, су шаруашылығы мамандарынан су тасу мәселесі туралы сұрауды жөн көрдік. Мамандардың айтуынша, өзенде су тасқыны болуы Нарын-Сырдария қаскадында орналасқан су қоймаларында жинақталған су көлеміне тікелей байланысты. Қазір Нарын-Сырдария қаскадындағы су деңгейінің төмен болуынан су тасқынына мүлдем қауіп жоқ.

Су шаруашылығы комитетінің қарасты «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Қызылорда филиалының мәліметіне сүйенсек, 2020 жылдан бастап Нарын-Сырдария қаскадында орналасқан су қоймаларында жинақталатын су көлемінің төмендігінен егістікке су алу науқаны кезінде Сырдария өзенінің жағдайы жыл сайын күрделенуде. Каскадта орналасқан қоймаларда жинақталған су көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,6 млрд текше метрге кем көрінеді. Өзеннің суы қыс-көктем айларында жауатын шауын-шашын мен қардың жамылғысына тікелей байланысты. Бүгінде жер үсті су қорларын ұлғайту бағытында ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес 20 су қоймасын республика аумағында салу жоспарлануда.

Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында осы жылы Қызылорда облысына көл мен шабындық-жайылымдық жерлерді суаруға 1,2 млрд текше метр су лимиті бөлінген. Ал ҚР Су кодексінің 82 бабы 2 тармағына сәйкес Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы алдағы вегетациялық кезеңге тұрақты суаруға 3,7 млрд текше метр су пайдалану лимитін белгілеген.

Биыл еліміздің онтүстігіндегі бірқатар шаруалар үшін суармалы су беру қызметінің құны арзандаған. Оның қатарында Сыр өңірі де бар. Вегетациялық кезең аясында шаруа иелерімен келісім-шарт жүргізілуде. Бүгінге дейін «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалы 811 шаруа қожалығымен келісім-шартқа отырды.

Суармалы судың арзандауымен қатар су арналарын цифрландыру жүргізілуде. Жүйе Әйтек су торабы мен Әйтек каналына орнатылған. Ал қалған нысандарда автоматтандыру жүйесі де қосылмаған. Осы бағытта ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Қызылорда облысы әкімдігі бірлескен жоспар әзірлеген.

Кешенді жоспарға 16 магистралді және шаруашылықаралық каналдарды цифрландыруға көшіру жобасы енгізіліп, қаржының бөлінуіне қарай іске асырылуы жоспарлануда.

Өңірдегі су ресурстарының тиімді басқарылуы ауыл шаруашылығы мен экологиялық тұрақтылық үшін маңызды.

Әлия ТӘЖІБАЙ

## Жастар жаңалықтары



### Көк тудың желбірегені

Мемлекеттік рәміздер алаңында Мемлекеттік Рәміздер күніне орай салтанатты шара өтті. Шара барысында Тәуелсіз Қазақстанның және аймақтың дамуына үлес қосқан сырбойылықтар марапатталды. Шара концерттік бағдарламамен, автошерумен жалғасты.

Айта кетейік, мерекеге орай облыстағы ірі сауда орталықтарында, халық көп жиналатын орындарда, теле-радио арналарда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда және бюджеттік мекемелерде Мемлекеттік Гимн бір мезгілде орындалды.

Қала және аудандарда ғимарат терезелеріне, балкондарда Мемлекеттік Ту ілінетін «Туымыз – төрімізде» флэшмобы ұйымдастырылуда.

Әлеуметтік желілерде «Менің туым – менің мақтаным!» челленджі іске қосылды. Өңірде Елтанба авторларының бірі, жерлесіміз, танымал сәулетші Жандарбек Мәлібековтің, Мемлекеттік Тудың авторы, суретші Шәкен Ниязбековтің еңбектерін насихаттауға арналған іс-шаралар кең көлемде өткізілуде. Жазғы балалар лагерлерінде «Отанды сүю – жүректен» атты патриоттық шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар барлық елді мекендердегі «ҚР Рәміздері аллеялары» мен «ҚР Рәміздері алаңдарында» тұрғындардың, жастар мен волонтерлердің қатысуымен шаралар өтті.

### Балалар күні тойланды

Жайдары жаздың алғашқы күнімен түспа-түс келетін балғын бүлдіршіндеріміздің көңілді мерекесі «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» кең көлемде аталып өтті. Мереке мезіретінде аудан орталығындағы балықшылар аллеясында түрлі іс-шара ұйымдастырылып, жеткіншектер ерекше әсерге бөленді. Оған аудан әкімінің орынбасары Кете-Төлеби Бержанов пен Арал ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Санира Жанназарова арнайы қатысып, ізгі тілектерін білдірді.

Айдынды өлкедегі шырайлы шара шымбылдың өнерлі жастар ашты. Аудандық оқушылар үйі мен өнер мектебінің тәрбиеленушілері әсем әнді әуелетіп, мын бұралған бишілер айшықты шараның ажарын аша түсті. Артынша жас суретшілер қиялдарына ерік беріп, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында қағаз шимайлады. Спортқа жақын бүлдіршіндер асық атып, отбасылық эстафетаға қатысты. Жеңіске жеткен жеткіншектер арнайы диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

### Спорт – біздің серігіміз

Мемлекеттік рәміздер күніне орай Жалаңтөс баһадүр атындағы орталық стадионда мүмкіндігі шектеулі ересек жандар арасында спорттық ойындардан сайыс ұйымдастырылды.

Аталған шараға «Қазақ соқпақтары қоғамы» және «Қазалы аудандық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестіктерінің 20 мүшесі қатысты.

Сайыс мылтықпен нысананы көздеу, шахмат, дойбы, қол күресінен өткізілді.

Тартысқа толы өткен спорттық шараның қорытындысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды.

Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Орысбек Жәмшейтов пен Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев жеміпаздар мен жүлдегерлерді мерекемен құттықтап, арнайы дипломдар, алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

### Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етілді

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай шара ұйымдастырылып, жазықсыз жапа шеккен жандардың рухына құран бағыштатылып, гүл шоқтары қойылды.

Шараға аудандық мәслихат төрағасы Ә.Қошалақов, ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Мерекөв, қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Құлдіуісенов бастаған ардагерлер, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары мен ҰЕҰ, БАҚ өкілдері және белсенді жастар қатысты. Сонымен қатар «Қармақшы ата» мешітінде жамағатпен Хатым Құран дұғасы оқылып, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына бағышталды.

### Біз – бақытты баламыз!

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы және «Психологиялық-педагогикалық консультация» КММ, «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі, «Руханият орталығы» КМҚК, «Жастар Рухы» Жастар Қанатының ұйымдастыруымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған «Кішкентай ғажайыптар мерекесі» атты іс-шара өткізілді.

Шара аясында эстафеталық спорттық сайыс, мерекелік концерт ұйымдастырылып, белсенді қатысқан бүлдіршіндерге арнайы алғыс хат пен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар мерекелік дастархан жайылып, «Ботакан» ойын-сауық кешініне тегін жолдама берілді.

### «Бірге: Бір толқында» жастар лагері

Белсенді және креативті жастарды қолдау мақсатында «Жалын» тынығу лагерінде «Бірге: Бір толқында» жастар лагері ұйымдастырылды. Лагерде 50-ге жуық белсенді жас пен жастар орталығының қызметкерлері қатысты.

Бірінші күні жастар лагерге орналасып, төрт топқа бөлініп, бір-бірімен танысып, түрлі бағыттағы іс-шаралар семинар-тренинг, тимбилдинг, брейн-ринг пен спорттық және командалық жарыстар өткізілді.

Лагердің мақсаты – жастардың саяси резервін қалыптастыру, дарынды, белсенді және креативті жастарды қолдау.

Екі күнге созылған лагерде жастар өз өнерлерін ортаға салуды да ұмыт қалдырмады.

### «Қазақстан – достық мекені» суретшілер байқауы

Балаларды қорғау күніне орай жас ұрпақтың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып, балаларды өнерге баулу, дарынды балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Қазақстан – достық мекені» атты аудандық суретшілер байқауы өткізілді.

Байқауға 6-12 жас аралығындағы 20 оқушы қатысып, нәтижесінде 7 жеңімпаз анықталды.

Жұлделі ІІІ орынды Жөлек ауылынан Раина Ибрагимова, Бөйтерек ауылынан Жаннұр Бауыржанқызы, Тұран ауылынан Нұрмұхаммедәлі Алтынбекұлы, ІІ орынды «Арман» мәдениет үйінен Кәусар Абдуғапар, Алғабас ауылынан Жаная Сүгірәлиева иеленді. Жұлделі І орынды Алмалы ауылынан Ердос Мұқанбет жеңіп алса, байқаудың бас жүлдесі «Like school» спорт және өнер орталығынан Алтынай Бейсенбекке бұйырды.

### Мемлекеттік рәміздер күні

Рәміздер алаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні атап өтілді.

Шара басында ҚР Гимні орындалып, жиналған көпшілікті аудан әкімінің міндетін атқарушы Бекболат Шәріпбеков құттықтап, мерекенің маңыздылығына тоқталды.

Айтулы күні аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық өндер орындап көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді насихаттауға үлес қосқан бірқатар сала маманы аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталып, жанадан қызметке орналасқан мемлекеттік қызметкер ант қабылдады.

«АЖ» ақпарат





# Бар мейірім – балаларға

Балаларды қорғау күні – жыл сайын 1 маусымда атап өтілетін халықаралық мереке. Бұл күннің тарихы 1925 жылы Женевада өткен әлемдік конференцияда басталған. Сол жылы бала құқықтарын қорғау және олардың жағдайын жақсарту мәселелері талқыланды. Араға жылдар салып, балаларды қорғау күні алғаш рет 1950 жылы ресми түрде әлемнің 51 елінде тойланды.

Бұл күн балаларды қорғауды, оларға қолайлы орта жасауды көздейді. Ел тұтқасын ұстайтын ұрпаққа қауіпсіз, сүйіспеншілікке толы болашақ қамтамасыз ету – әр ел мен қоғамның басты міндеті.

Мереке қарсаңында республикалық дәрежеде түрлі іс-шара, жиын мен басқосулар ұйымдастырылуда. Қызылордалық балаларға арналған мерекелік шара биыл қалалық мәдени және демалыс паркінде өтті. Жиынға қатысқан қала әкімі Серік Қожаниязов робототехниктердің жобаларын, жас суретшілер мен қолөнер бұйымдары көрмесін, кітап көрмесімен танысып, түрлі спорт түрлерінен өткен сайыстарды тамашалады. Сондай-ақ, Атамекен балалар ауылында «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында үздіктерді және шығармашылықпен жұмыс жасап жүрген қызметкерлерді марапаттауға арналған жұлдыздар шеруі өтті.

Балалардың жазғы демалыстарын тиімді өткізуіне арналған қала мектептері жанынан жазғы тынығу лагерлері жұмыс істеуде. Олардың ішінде этно, археологиялық, спорттық лагерлер бар. Мұнан бөлек балалар Түркістан облысындағы «Қуаныш», Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» тынығу лагеріне демалысқа жіберіледі.



Облыстық білім басқармасының мәліметіне сәйкес биыл аймақтағы 8 лагерде 7 ауысымда 7035 бала демалыспен қамтылады. Одан бөлек, 290 мектептің жанынан тамақпен және тамақсыз күндізгі тынығу лагерлерінің жұмысы ұйымдастырылады. Онда 98 мыңға жуық оқушы демалысын өткізеді. Сонымен қатар 5646 бала облыстан тыс орналасқан лагерлерге барады.

– Облыс көлемінде орналасқан жазғы сауықтыру лагерлеріндегі су айдындары

мен жабық бассейндерден 24 су сынама және топырақтан 18 сынама іріктеліп алынды, зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша сынамаалар гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді. Маусым бойы су айдындары мен бассейндердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізілетін болады, – деді Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев.

Аталған күн тек мерекелік шаралармен ғана шектелмейді. 1 маусымда бала құқықтарын сақтау және қамтамасыз ету, әр сәбидің бейбіт заманда өмір сүру мәселелері қарастырылады. Балалардың құқығын қорғау бойынша халықаралық конвенциялар негізінде көп елде арнайы бағдарламалар іске асырылуда.

1989 жылы БҰҰ қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенция – осы бағыттағы маңызды құжат. Конвенцияның негізгі қағидаттары – баланың мүддесін бірінші орынға қою, кемсітпеу, өмір сүру және даму құқығын қорғау. Бұл құжатқа қол қойған мемлекеттер өз міндеттемелерін орындауға және балалардың құқықтарын қорғауға міндетті. Қазақстан осы заңнамаға сәйкес 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заң қабылдады.

Әрбір ата-ана, ұстаз, тәрбиеші балалардың құқығын сақтау және оларды қорғауға міндетті. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, білім беру саласындағы әділдік пен теңдік, медициналық қызметтерге қол жетімділік – мұның барлығы маңызды аспектілер. Балаларға қолайлы орта жасау – жарқын болашақтың кепілі.

Әлия ТӘЖІБАЙ

## ОТБАСЫЛЫҚ МӘСЕЛЕ ОТ БАСУДАН ТҰРМАУЫ КЕРЕК



### Басы 1-бетте

– Ажырасу ең алдымен, алкогольизм, нашақорлық және отбасындағы жұбайына немесе балаларына көрсетілген зорлық-зомбылық салдарынан туындайды. Егер әйел отбасында үнемі қысымға ұшыраса, ажырасуға деген ұмтылыстың болуы қалыпты жағдай. Сондай-ақ кейінгі уақытта ерлі-зайыптылардың біреуі құмар ойындарға тәуелді болуы жиі кездеседі. Бұл да көптеген ажырасудың себебі, – дейді заңгер Данияр Мұхамбетқалиев.

Оның айтуынша, көптеген қазақстандықтардың ажырасуына отбасылық жанжалдың жиілігі әсер еткен. Ене мен келін немесе өзге де туысқандардың жаңа отбасының өміріне араласуы да отбасының ажырасуына әкеледі. Сонымен қатар ол атап өткен себептер қатарында қаржылық тұрақсыздық та бар. Бұл факторлардың бәрі өлем күресетін жалпы ортақ түйткілді мәселелер екені мәлім. Десек те әлі күнге дейін шимайланған проблеманың шешімі табылмады.

### Бұл процесс қалай жүреді?

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі – некені тоқтату тәртібін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт. Осы заң аясында некені бұзу процесі жүргізіледі. Неке екі жақтың келісімі бойынша, ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған немесе сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жағдайда бұзылады. Сонымен қатар неке Кодекстің негізге ала отырып, 16-бабының 2-тармағына сәйкес екі жақтың келісімінсіз, жүкті немесе бала өмірге келгеннен кейінгі 1 жылда ажырасуға өтініш бере алмайды. Сондай-ақ ортақ келісім арқылы ажырасу құны – 7728 теңгені құрайды.

Қазақстандық әкерттердің пікірінше елдегі ажырасу процесі өте жеңіл өтеді. Көптеген ажырасқан жұп та бұл пікірді қолдайды. Олардың айтуынша, ажырасуға өтініш берген соң ерлі-зайыптыны психологқа бағыттап, отбасын сақтап қалуға үгіттеу қажет. Мүмкін сол уақыт аралығында кикілжіңді шешіп, отбасыны сақтап қалар ма еді деген пайымдауды алға тартты.

### Ерте үйлену

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, әлемде 650 млн-нан астам әйел ерте жаста тұрмыс құрады екен. Жыл сайын кемінде 12 млн қыз көмелет жасына жетпей өзге үйдің табалдырығынан аттайды. Аз дамыған елдерде бұл көрсеткіш екі еселеніп, 18 жаста тұрмыс құрушылар – 40%, ал 15 жастан күйеуге шыққандар 12%-ды құрайды. Ал жыл сайын Қазақстанда 1200-ден 3 мың қызға дейін жасөспірім қыз тұрмыс құрады. Кейінгі он жылдықта 30 мыннан астам ерте неке құру әрекеттері тіркелген. «Неке (ерлі-

зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің негізінде 16 жастағы қыздың жүктілігі немесе ортақ бала болған кезде ғана екі жақты шешім және ата-ананың рұқсатымен үйлене алады.

Мұндай жайтты естіп, шошынатын халықтың қазір бұған да еті үйренді. Жасөспірімдердің ерте жаста отбасын құрып, кейіннен үй болып кетуі екі талай. Себебі олардың өмірлік көзқарастары, түсініктері өзгеріп, некені жалғастыруға құлықсыздық танытуы мүмкін. Санамен емес, сезіммен ғана үйленіп, үй бола алмағандығына тек жас жұбайларды кінәлі деп тану қате. Ерте үйленудің жиі орын алуы ата-ананың балаға берген тәрбиесіне тікелей қатысты. Отбасылық өмір туралы білместік, ерте жүкті болу, оның кейінгі салдарын ескермеу – ата-ананың мойнына ілінетін жүк.

### Анашым, әкем қайда?...

Қазақстандағы әрбір төртінші отбасы толық емес. Бұл – трагедия. Мәселеге бүгін назар аудармаса ерте кеш болуы мүмкін. Қоғамның жалпы санының 26%-ы немесе шамамен 780 мың балаларды жалғыз тәрбиелейтіндер деп танылады. Оның 24,3%-ын баласын жалғыз тәрбиелеп отырғандар құрайды. Елімізде «жалғыз басты ана/әке» деген дәреже заңды түрде жоқ болғанымен, бұл өмірдің шындығы. 2023 жылғы мәліметтер бойынша, 711 мың анасының, 300 мың бала әкесінің қарауында. Ал 294 мың жетім болып есептеледі.

Некені бұзған сәт отбасы мүшелері үшін де, бұзғалы жатқан ерлі-зайыпты үшін де өте ауыр. Кезінде айрандай ұйып отырған отбасының ендігі шаңырағы шайқалып, ортасына түскелі тұр. Бұл сәт махаббаттан өмірге келген баланың да психологиясына қатты әсер етеді, тіпті қазір өзекті термин «травмаға» әкеп соғады. Бұл – факт. Бала жасы 2-3-ге болса ғана ата-анасының екі жаққа кетуін жеңіл өткерсе алады. Ал мектеп жасына жеткенде бұл жайт өте күйзеліске толы кезең болып есте қалады. Көмелетке толған бала ата-анасы екі жаққа кеткен кезде таңдау үстінде қалады. Әке қамқорлығы немесе ана махаббаты. Бұл таңдау бала түгілі ересек адам үшін өте күрделі. Ерлі-зайыпты ажырасқанымен олар ата-ана болып қала бермек. Осыны есте сақтаған жөн. Себебі кейбір ата-ана өз міндеттерін ұмытып, баласының жағдайын білуге де құлық танытпайды.

Мәселен, 2024 жылдың қаңтар айының басынан бері балаларға өтелмеген алимент құны 20 млрд теңгені құрады. Демек бұл бала тәрбиесіне моральды және материалды тұрғыда көмек көрсетуші ата-ананың аз деген сөз. Бала дүниеге келген күннен бастап 18 жасына дейін ата-ана оны барыншыа қамтамасыз етуге міндетті. Бірақ мұны ұғынып отырғандар некен-саяқ...

### «Бақытты отбасы құру үшін курсымды сатып алыңыз»

Қазір осындай қызмет түрін ұсынатын көптеген блогер, психолог, тренер, коучтан көз ашпайтын болдық. Әрине, олардың айтқан пайымдаулары, көтерген мәселелері орынды. Десек те кейде «эгоизмге» бағыттайтын мұндай ақылдылардың айтқан сөздерін отбасылық өмірі дағдарысқа ұшыраған жандар қанағат көріп, өз отбасын тастап кете беруге де бар. «Тас болып бататын болу емес, су боп сінетін құм емес» деп, әйелдер қауымын еркіндікке бейімдейді. Келіспеске болмас, саған қуанышты емес жерде 1 минутта артық тұрақтауға болмайды. Бірақ бұл бейжай қарайтын дүние емес, ажырасқан отбасы және оның құндылықтары, баланың өміріне әсер ететені шешім.

Әлеуметтік желінің қоғамдағы орны ерекше. Кейінгі кезде бәрі подкаст түсіріп, білімін паш етумен әлек. Ол жерде әртүрлі тақырып қозғалып, қоғамның өзекті мәселелері айтылады. «Жақсы жар болуға көмектесемін, курсымды сатып алыңыз» деп білімін пұлдайтын, жалпақ тілмен айқанда «инфоцыгандардың» көбейісі мән беретін проблеманың бірі. «Біреудің қайғысынан өз бақытынды құрай алмайсың» деген нақыл сөз тап осы кезге айтылғандай, расымен отбасының «ішкі кухнясына» бөгде адамның араласқаны қате.

Қазір «маған назар аудармайды, ажырасамын» деп, түймедей нәрсені түйедей етіп, болмашыны сылтауратып ажырасатындар көп. Дегенмен отбасын құру оңай емес, оны бұзудың да салдары ауыр болатынын ескерген жөн.

– Ешкім табысты қарым-қатынас туралы біліммен тұмайды. Ал өмірдің қиын кезеңдерінде айналамыздағы адамдардың барлығы кекшіл, өзіншіл, немқұрайлы деп ойлауға бейімбіз. Осылай олар проблемаларға қалай жауап беру керігін де білмейді. Бірақ бірге қалу үшін дағдарысты бірге жеңіп, сүйіктіңізге қайтадан ғашық болу керек, – дейді психолог Мишель Вайнер-Дэвис.

Түйін. «Үйлену оңай, үй болу қиын». Бұл ұранға айналған нақылды білмейтін қазақ жоқ. Астарындағы мән мен мағынасы да тереңде. Есте сақтаныз, қорлық көріп, тұрмыстың тұрпаты жегідей жеп, зорлық-зомбылыққа душар болсаңыз, өміріңізді қатерге тікпей, ажырасқан жөн. Бірақ болмашыны айтып, сыныққа сылтау іздеп, отбасыңыздан бас тартудан аулақ болыңыз. Өткен-кеткеннің ақылына құлақ түрменіз. Отбасы құндылықтарын дәріптей отыра, балаға дұрыс тәрбие беріп, оны жоғарыда атап өткен олық әдеттерден аулақ ұстау арқылы біз сезімі мен ақыл-пікірі тоғысқан, қателіктерден шешім шығара білетін саналы ұл-қыз тәрбиелей аламыз.

Қорлан САРЫ



Сурет ашық дереккөзден

Басы 1-бетте

# ТЕНДЕР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ АША МА?



нарықтағы бағасына қарағанда арзан баға қойса, бұл паракорлық болып есептеледі. Өйткені, тендерді ұтқан адамнан тапсырыс беруші бір нәрсені «дәметуі» мүмкін. Ал қызметін ұсынушы адам тауардың сапасын төмендету арқылы паракорлыққа жол береді. Мұнан бөлек, құжаттармен туындайтын ақт мәселелері жемқорлыққа әкеп соғуы ықтимал. Тапсырыс беруші тендерді ұтып алған адамды «бопсалау» арқылы астыртын әрекетке жол береді. Антикор мәліметтері бойынша, осы екінші әрекет арқылы жемқорлық іс-әрекеті көбірек орын алған.

2023 жылғы мәліметтер бойынша, тендердің қызмет, тауар, жұмыс бөлімдеріне қатысты жоспарлаудан бастап қабылдауға дейінгі барлық кезеңінде 2,5 мыңнан астам заң бұзушылық анықталды. Олар бойынша 1,4 мың қадағалау актісі енгізілді. Бұл мемлекет кірісіне 10 миллиард теңге өндіріп алуға мүмкіндік берді.

Тендерді арнайы тәжірибелі тендермен айналысып жүрген мамандардың курсына қатысу арқылы үйренуге болады. Қазақстанда тендерлік қызметтермен айналысу үшін арнайы 3 басты портал бар, олар – goszakup.kz (әскери бөлімдер, мектеп, аурухана, және т.б. мекемелердің тендерлері жарияланады), zakup.sk.kz (Самұрқ Қазына ұлттық әл-ауқат қорының тендерлері және оған бағынатын компаниялар, олардың ішінде «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «ҚазақТелеКом» АҚ, «ҚазАтомПром» АҚ және т.б ұлттық компания тендерлері жарияланады), reestr.nadlock.kz (мұнай өндіруші, мұнай өнімдерін экспорттаушы, жалпы елдегі мұнай компанияларының тендерлері жарияланады).

Тендерді арнайы тәжірибелі тендермен айналысып жүрген мамандардың курсына қатысу арқылы үйренуге болады. Десек те өз ісіңнің шебері болу үшін ерік-жігер мен ынтықсыз ешқандай жетістік көгіне көтерілу мүмкін емес. Мұнан бөлек, тендердің заң аясындағы құқықтары мен міндеттемелерін жетік біліп, заңсыздықтардың орын алмауын басты назарда ұстау маңызды.

Тендер арқылы біз ең арзанын және ұтымдысын іздейміз, дегенмен оның сапасы бағасына сай кемшіліктерге толы болуы мүмкін. Сондай-ақ тендерден туындайтын мәселе тек бұл ғана емес. «Alageum Electric» КТ Директорлар кеңесінің төрағасы Еркебұлан Илиясовтың Тимур Бальмбетовке берген сұхбатында тендерге қатысты өзінше өрбиді.

Тендер қызмет, тауар, жұмыс болып бөлінеді. Егер тендерлік конкурс бойынша тауар алынатын болса, оның нақты сипаттамасын жобалау институты не болмаса тапсырыс берушінің өзі белгілейді. Ал тендерді ұтқан адам материалдың

Қорлан САРЫ




сұраса, екінші компания 470 млн-ды жеткілікті деуі мүмкін. Яғни, байқауды екінші компания ұтып, осы құрылыс компаниясы үйіңізді салу үшін қажет барлық өнімді сізге ұтымды бағада сатады. Осылайша сіз тендерлік қарым-қатынас құрасыз.

Тендерде тәуекел сіз ойлағаннан аз. Иә, тендер көп қаражатпен байланысты. Десек те ол әртүрлі бола алады. Яғни, 5 мың, 50 мың, тіпті 5 млрд теңгелік тендер бар. Тәуекелдерді аз деуімнің себебі де – осы. Мәселен, тендер жарияланды делік, біз тауарды сатып алмаймыз, оны көтерме арзан бағада іздейміз. Оның жеткізу қызметі, бізге келетін кіріс көзі мен шығысын есептейміз. Бірақ ешқашан сұралған тауарды алдын-ала сатып алу әрекетін жасамаймыз. Біз көтерме бағадағы тауар егесімен келісімшартқа отырамыз. Мәселен, қаламсап керек. Оның бағасы 30 теңге, ал сізге 200 данасы қажет. Мемлекеттік сауда порталында тендер жарияланып, онда «біз 1 дана қаламсапты 70 теңгеге аламыз» деп тұруы мүмкін. Көтерме базардан 30 теңгеге аламыз да, үстіне 20 теңге қосып, өз пайдамызға құнын көтереміз. Десек те тендерді ұтпайынша тауарды сатып алмаймыз. Осы жоспармен тендерге қатысамыз, ұтылатын болсақ ешқандай да

Қарапайым тілмен түсіндіре кетсек.

Сіз қопқабатты үй салғыңыз келді делік, алайда ол үйді салу үшін құрылыс заттары қажет. Осы заттар сіз тендер жариялайсыз.

Арнайы құрылыс компаниялары сіздің тендеріңізді ұтып алу үшін бақ сынайтын болады. Бірі барлық өнім үшін 500 млн



**Әлем бойынша тек 17% адам сүйікті ісімен айналысады. Елестетіңізші, қанша адам энергиясы мен уақытын басқа бағытқа жұмсауда. Мұның барлығы қате таңдалған мамандықтың салдары екені мәлім. Ал ең үлкен бақыт – сүйікті ісіңмен айналысу емес пе еді?!**

Сурет ашық дереккөзден

# ӨМІРЛІК ТАҢДАУДАН ҚАТЕЛЕСПЕЙМІН ДЕСЕҢІЗ...

«Өскенде кім болғың келеді?». Бұл – балаларға жиі қойылатын сұрақтар тізімінде көш бастап тұрған сауалдың бірі. Мектеп қабырғасында бейқам білім алып жүрген оқушы көзді ашып-жұмғанда түлекке айналады. Осылай ұлттық бірінғай тәсілде мен мамандық таңдау сатысына келеді. Өзін-өзі толық танымаған, дағдылары мен қабілетін қолдана алмайтын, балалық өмірімен қоштасқысы келмейтін жасөспірімге бағыт-бағдар беріп, тіпті асыра сілтейтіндер де баршылық. «Сүйікті мамандығыма грантка түсе алмаймын, оңай пән таңдап, басқасын оқи беремін» деушілердің көбейетіні хақ. «Жар мен мамандық таңдауда қателеспе» деген сайын ажырасатын отбасы да, жұмысқа құлды жоқ маман да көбеюде.

Жауапкершілікті талап ететін бұл таңдауда бала қиналмау үшін шетелде кәсіптік бағдар беру арнайы пән ретінде қарастырылған. Мәселен, Францияда атаулы бағыт І сыныптан бастап оқытылады екен. Қазақстанда жағдай, әрине, басқа. Бірақ оқушының дамуына көмек беретін орталықтар бар. Осы орайда Қызылордада жұмыс істейтін «EQ academy» орталығымен танысуды жөн көрдік.

EQ академиясы – 14 пен 17 жас аралығындағы жасөспірімдерге өмірлік таңдауын нақтылап, эмоциясымен жұмыс істеу арқылы дағдыларына сәйкес дамуына бағыт беретін әрі коучингтік

тәсілді пайдаланатын орталық. Бұл академия қызылордалық нарыққа 2021 жылы келген. Жыл сайын аралық және қорытынды есеп беру кешін ұйымдастырады. 2023-2024 оқу жылындағы жаңалықтары мен жетістіктеріне куә болу үшін қорытынды кештің арнайы қонағы болдық.

– Өздеріңіз білетіндей, жасөспірімдер ҰБТ кезінде сыртқы күштің қысымына тап болып қиналады. Мамандық таңдаудың өзі 2 психологиялық аспектіге тіреледі.

Бұл таңдауда иә, кез келген салаға бет бұруға болады. Бірақ болашақта қызығушылығы артып, қиындықтарға төтеп бере алатын, қоғамға пайдасы тиетін маман болу үшін бала ішкі құндылығын түсініп, өзін жақсы тану керек. «Мен кімін?», «менің қандай әлсіз, жақсы тұстарым бар?», «мен қандай салада дами аламын?» деген сауалға жауап іздеуі керек. Келесі кезекте сенімділік, бүгінгі тілмен айтқанда «самооценка» маңызды рөл атқарады. Мамандықты дұрыс таңдау үшін бала қолдаушы ортада жетілуі керек, сол кезде өзіне деген сенімділік қалыптасады, – деді «EQ academy» жобасының жетекшісі Жазира Темірбекова.

Іс-шараға жасөспірімдер, ата-аналар мен БАҚ өкілдері қатысты. Бір сарынды немесе жаттанды сценариймен емес, шынайылыққа басымдық берген ұйымдастырушылар ақ қағазға жазылған қарапайым сұрақтың өзінше-ақ қонақтардың

нағыз эмоцияларын шығара білді. Өн мен биді де ерекше стильде көрсетті. Мамандық таңдаудағы қателіктер, сыртқы қысым, адамның қабылдау каналы секілді құнды ақпараттар айтылды.

Билығы оқу жылында академияда 30 оқушы білім алған. Бұл туралы жоба жетекшілері кеш барысында хабарлады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай ауқымды форматтағы жиын алғаш рет өтуде.

– 3 жыл ішінде 50-ге жуық оқушымен жұмыс істедік, мұнан бөлек жеке консультацияға да келеді. Сондай-ақ 8 айлық курс пен кәсіптік білім жиянтығы бар. Жоба топтық форматта өтеді. Бұл – үлкен платформа. Себебі мақсаты бір, проблемасы бір, қызығушылығы мен сұранысы ортақ жасөспірімдер бір алаңда тоғысуда. Бүгінгі іс-шарадан күтеріміз көп. Жерлестеріміз академия туралы білсе екен, ата-аналар балаларына эмоционалды тұрғыдан қолдау көрсетуді үйренсе екен дейміз. Осы мақсатқа жетсек, бүгінгі меже орындалды деп ойлаймын. Бұл эмоцияға толы, сезінуді қажет ететін жоба, сондықтан қолмен ұстауға келмейді. Адам өз ісіне қызығушылығы болмаса түбі күйзеліске әкеледі, – деді психолог Жазира Темірбекова.

Расыммен, адамның эмоциясы – алапат күш. Тасты қақ жаратын да қауқары бар. Әрине, орынды қолдана білсе.

Эмоционалды интеллект дегеніміз – адамның өз эмоциясын қабылдап, кез келген мәселені тиімді шешуде оң эмоцияны игеріп, саналы шешім қабылдау дегенді білдіреді. Жеке тұлға ретінде қалыптасуда, өзіңді тануда бұл интеллектің маңызы зор. EQ академиясында мамандар жасөспірімдерге кәсіби біліктілік бойынша ғана көмектеспейді, баланың эмоционалды интеллектісін де дамытуға күш жұмсайды. Өзінің қабілеті мен дағдыларын білетін оқушы мамандық таңдауда да, өмірлік ұстанымында да қателеспесі анық.

Осы секілді іс-шаралар ұйымдастырып, бала психологиясын терең зерттейтін орталықтың алдағы жоспары ауқымды. Мемлекеттік гранттарға қатысып, мектеп ретінде ашылуы қалайды.

Жоғарыда көрсеткен 17%-ды жеткілікті деңгейге көтеру үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарын қарқынды жүргізу қажет. Кәсіптік бағдар жүйесі жасөспірімдерге шалыс басып, басқа саланың жетегінде кетпеудің алдын алуға көмектеседі. Себебі, мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды кадам, өмір жолындай айқындау хәм жарқын болашақтың кепілі.

Әлия ТӘЖІБАЙ



Қалдыбай СМАЙЫЛҰЛЫ:

# РОЗА БАҒЛАНОВАНЫ ЖҮК КӨЛІГІМЕН ТАСЫДЫМ



— Бала күніңіз бен бозбала дәуірдің арасындағы дәурен әлі есіңізде шығар...

— Бала кезімде тым жеңілдеп, ұшқалақ, тынымсыз болған едім. Бірде 5-6 жасымда темір жол бойында жерде жатқан күріш кебегін жүгіріп келіп баспаймын ба, бір-екі кадам аттамай-ақ аяғымды күйдіріп, баж ете қалдым. Сүйтсем жаңақ бекеттің арасы бықып жанып жатқан шоқ екен, ойбайлап жағалай өскен тал арасындағы арыққа қойып кеттім, ол аяғымды онан сайын ашытып, жылап-еңіреп үйге келіп, шешем не болғанын біліп, дереу аяғымды майлап, таңып, жатқызып тастады. Екі-үш күнде ерң жазылса болар ма?

8 жасқа толған соң мені мектепке апарды. Қызылорданың Сырдария ауданына қарасты №43 мектептің бірінші сыныбына барып, оқуды бастадым. Мектебіміздің аты — «Коммунизм». Мектеп директоры Бисембаева апай, Мырзалы Оспанов, Күләйша атты апайларымыз болды. Жоғары сыныпта жүргенде математикадан Күлшәрі Рахметова апайымыз сабақ беретін. Бастауышта Ким Павел ағайымыз еді, өте сабырлы, ақылды, оқушыларды көтермелеп, сабақ оқуға ынталандырып отыратын. Неміс тілінен, географиядан беретін Тотай Тұрлығұлов ағайымыз да сабақты жақсы түсіндіретін. Химия, биологиядан Елғондиев ағай да сабағына қызықтыра білетін.

1957 жылы «Коммунизм» мектебін бітіріп, сол жылы қаладағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетіне оқуға түстім. 1958 жылы ата-анамыз Бәйгекүмға көшкен соң, 1958-1962 жылдары Қаншапайм апайымыздың үйінде жатып оқыдым. Жездеміз Мақан өте жайлы кісі болды, мені туған иінісіндей аялап, жағдай жасайтын.

Орыс тілі лингвистикасына қатысты ғылыми топқа қатысып, біраз картотека жасағаным бар. Ол кезде қолға ұстайтын валетка дейтін қорапша-сөмке болатын, соны толтырып картотека жинағанын ғой, сол енебіме риза болған апайым Э.Кадькалова маған С.Ожеговтың 900 беттік «орыс сөздігін» сыйлады, сол кітап менде әлі сақтаулы. Бізбен бірге оққан Садықбек Хангелдин кейін Алматыда жоғары комсомол, партия орындарында қызмет жасаған айтулы ақын, елге белгілі қайраткер болса, Әбдіжәлел Бөкір елге танымал саясаттану ғылымының докторы, профессор, белгілі шоқайтанушы ғалым, екі шақырылым қатарынан Парламент депутаты болды.

Институт бітіріп, жолдамамен Арал ауданы, Қаратерен елді мекеніндегі орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып орналастым. Барғанда мені мектеп директоры Ә.Мусин үйіне жатқызды, кейін Ә.Нұрмағамбетов деген мұғалімнің үйіне орналастырды. Екі-ақ ай жұмыс істедім де Совет армиясы қатарына шақырылып, Литваның Каунас қаласынан бір-ақ шықтым. Біз әскери байланыс саласында қызмет жасайтын болып, белгілендік. Сол кездегі колданыста жүрген радиорелейлік аппаратты игеруімз тиіс болды. Тобымызда М.Шехвиц деген мәскеулік еврей жігіті, Исламбек Аширов деген

қызылордалық қазақ жігіті болды. Бір жылдан кейін мені Смоленск қаласындағы 2 айлық курсқа оқуға жіберді.

— Иә, әскер жігітті шындайтыны сөзісің. Алайда сарбаз сапында жүріп ұстаздық қызметке қайта қалай ауыстыңыз?

— 1964 жылы жазда «педагог екенсің» деп мені әскерден босатып, аға лейтенант шенімен елге қайттым. Бәйгекүмдағы ата-анама, аға-жеңгеме қосылып, дем алдым да, күзде жұмысқа тұру мақсатында мамандығымға сай мұғалім болу үшін аудандық білім бөлімінің менгерушісі Дүйсет Тайманов ағайдың алдында болдым. Құжаттарыма қарап, мені сол Бәйгекүмдағы №401 аралас оқу мектебіне жіберді. Мектеп директоры Бақыт Жанаева қабылдап, тиісті сағатын бөлді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гук Андреевич деген кісі өте ақылды, өз ісін жете менгерген, мәдениетті, жылы жүзді кісі екен, жұртпен жұмсақ сөйлесіп, тапсырманы орынды беретін де сұрайтын. Мектепте қазақ тілді де, орыс тілді де сыныптар болды. Сондықтан ұжымда орыс тілді, қазақ тілді мұғалімдер болды. Төлеген, Мыңбай, Әділхан, Шынығұл және Рукавицын Надежда, Любовь сынды оқытушылармен қызметтес атандым. Осында жүріп Шымкент пединститутында сырттай оқитын бастауыш сынып апайы Есенкүл Сапаралиевамен көңіліміз жарасып, сол жылғы 7 қараша мерекесі тұсында үйлендім.

Мен әскерде жүргенде КПСС қатарына мүшелікке кандидат болып қабылданған едім. 1965 жылы Шиели аудандық партия комитетіне шақырылып, партия қатарына қосылдым. Сол аупарткомда қызмет жасайтын институтты менен бір жыл бұрын бітірген Олжабай Сапарбаев деген жігіт хатшының есіне салған болу керек, келесі 1966 жылы көктемде мен аппаратқа шақыртылып, «Білім» қоғамы аудандық бөлімінің хатшылығына тағайындалдым. Ауданда ешкімді танымаймын, 1-2 ай әке-шешеміздің таныстарының үйін паналап жүргенде, басшылардың ұйғаруымен жанадан біткен 2 қабат үйдің 2-қабатынан 2 бөлмелі үй бұйырды. Келіншегім екеуміз сол үйге көшіп алдық, тұңғышымыз Эльмира Бәйгекүмдағы әке-шешеміздің қолында қалды. Сәті келіп Есенкүл де осындағы орта мектептің бастауыш мұғалімі болып жұмысқа орналасты.

— Өміріңіздің жана белесі ерекше оқиғалар мен жаңалықтарға толы болған секілді. Әсіресе Сәбира Майқанованың труппасымен өткен қызықтарды айтып беріңізші.

— Жаңа белес сол, 1967 жылы аупарткомның 1-хатшысының көмекшісі қызметіне шақыртылғаным болса керек. Өзімше үлкен қызметтің құлағын ұстағандай болып, жұмысқа құшына кірістім. Бұл өзі келіметім құжаттармен, арыз-шағымдармен келетін адамдармен, олардың жазбаша өтініштерімен айналысатын, бір таусылмайтын жұмыс. Ара-арасында «спецсвязбен» келетін құжаттарды бар жұмысыңды қоя тұрып, жедел қабылдау қажет.

1969-1971 жылдары Қазақстан компартиясы Орталық Комитеті қарауындағы Алматы қаласындағы партия мектебіне оқуға жіберді. Оқу бітіріп, елге келгенде жұмыс орным сақтаулы екен, аппараттың жалпы бөлімінің менгерушісі болып қызметімді жалғастырдым. Бұл жолы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып О.Бәйімбетов жұмыс істеуде еді. Өзімнің бұрыннан таныс құжаттармен жұмыс жасау міндетімді атқарып жүре бердім. Сөйтіп жүргенде 1977 жылы мені аупарткомның насихат және үгіт бөлімінің менгерушілігіне тағайындады. Жұмыс ауқымы бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді.

Аудандағы бюджеттік, әлеуметтік қызмет орындарымен тікелей айналыса бастадым. Аудандық білім бөлімі, денсаулық сақтау, мәдениет бөлімдерін қадағалау бізге тапсырылды, тіпті құқық қорғау органдары — сот, прокуратура, милиция орындары істерінен мәлімет алу, сауда орындары басшыларының жұмысын қадағалау секілді шегі жоқ жұмыстар қаптап кетті, тіпті соларда өткізілетін жиындарға қатысу, сөз сөйлеу, немесе сол жиналыстарға қатысатын аупартком хатшысының сөзін дайындау да бізге міндеттелетін.

Осы жұмыста жүріп облыстағы жиындарға қатысып, жана жігіттермен, қыздармен таныс, әріптес болдық. Облысқа белгілі ақындар М.Әміреев, Ә.Бәйменов, А.Кіребаев, обкомдағы А.Жұмбаев, Қ.Махамбетов, Ә.Бәкіров, Б.Ұзақбаев және тағы басқаларын жете тани бастадым. Ауданға іссапармен келетін газет, радио басшылары Қ.Әбенов, Ж.Бекхожаев, мектепте бірге оқыған журналист Ә.Жаппархановтармен танысу бұйырған еді.

Оған қоса Алматыдан ауданға гастрольмен келген жерлесіміз, танымал сахна саңлағы Сәбира Майқанованы труппасымен, Роза Бағланова, Бибігүл



Төлегеноваларды ауыл-ауылға бірге жүріп, бастап апару да біздің еншімізге тиген еді. Токсаныншы жылдың басындағы қиын кезеңде бүкіл елге белгілі, айтулы әншіміз Роза Бағланованы таситын көлік болмай, Авангард совхозынан Шиелиге жүк көлігімен әкелгенімізді осы уақытқа дейін ұмытпаймын, ұяламын. Сондай да кезең болды ғой. Сол апамыз ауылдағы бір отырыста, дастарқан басынан тұрып, шығарда маған берген бір фотосуретіне «скромность украшает человека» деп жазыпты.

Аупарткомның насихат және үгіт бөлімі менгерушісі қызметін 1991 жылға дейін жалғастырған кезеңде көптеген мекеме басшыларымен тіл табыса жұмыс істеп, басшылар берген тапсырмаларды соларға жеткізе отырып, оның орындалуын қадағалауға тың тәжірибе жинап, рухани өсе түскендей болдым, әсіресе жасы үлкен кісілермен қалай

төсетіп, түрлі жиындар, салтанатты шаралар өткізу кезінде пайдалану үшін трибуна жасатты.

Аудандық партия комитеті аппаратында қызмет жасаған ширек ғасырдан аса уақыт ішінде партияның өз қызметкерлеріне көрсетілетін қамқорлығын бір кісідей-ақ көре алдым. Әсіресе, жыл сайынғы еңбек демалысына шыққандарға көрсетілетін жәрдемі бір төбе еді. Партияның орталық басқару орындарына мүшелік жарнадан жинақталған қаржы есебінен емдік шара қорынан бізге партиялық шипажайларға тегін жолдама берілетін. Соның арқасында Қырымның Ялта қаласындағы Ленин санаториінде демалып, ем алып, серуендегенім бар. Осындай демалыста Сочи қаласында, Марино елді мекенінде, Қырғызстандағы Ыстықкөл шипажайында демалдым. Сол жерде Бішкек қаласынан келген бір жігітпен танысқан едім. Оның өзі сол Бішкек қаласындағы тұтынушылар одағы саласында жұмыс істейді екен. Елге қайтар алдында сол жігіт мені ертіп, қарауындағы бір қоймаға апарып, сауда жасатты. Дүкендерде бола бермейтін киімдерін таңдады. Қыздарыма әдемі көйлектер әкеліп, қуантқаным есімде. Қоңыр қызғылт түсті өте жұмсақ та жеңіл матадан тігілген әдемі, сәнді көйлектерді қыздарым біраз уақыт киіп жүрді.

— Шетелге шыққан сапарларыңыз жайлы айтып қалдыңыз. Мұнан басқа қандай елдерді араладыңыз?

— 1972 жылы алғаш рет шетелге туристік сапармен шықтым. Шиели ауданынан 9 адам жасақталып Египетке бет алдық.

Сол жылғы қазан айының 25-і күні Москвадан Каирге самолетпен 5 жарым сағатта ұшып жеттік. Түнгі екіде «Семирамис» қонақ үйіне орналасып, ертеңіне Жерорта теңізі жағалауында орналасқан Александрия қаласына барып, онда 5 күн болдық. Таңертең ерте тұрып теңіз суына шомыламыз, күндіз қала аралаймыз. Бес күннен кейін Каир арқылы басқа елдімекендерінде болып, атықты пирамидаларын көріп, қызықталдық. КСРО-ның көмегімен салынған Асуан қаласын, оның Ніл өзеніне салынған плотинасын да тамашаладық. Осы жерде әскери міндетін өтеп жүрген өзіміздің шиелілік жігітпен сөйлесіп, білісіп қалдық. Бір кішкентай елдімекеніндегі зәулім мешітке барғанда өзіміздің қай жақтан екенімізді білген жергілікті бір кісі «мұнда неге келдіңдер, мінәжат етіп баратын жер өздеріңіздігі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі емес пе?» деп таң қалып жатты.

Бірде Каир қаласындағы базардан біздің «Қазақстан» темекісін көріп, бұл жаққа қалай жеткен деп танқалған едім. Мәскеуде шығарда біз 50 рубльге 22 фунт араб ақшасын ауыстырып алған едік.

Ол жақта алтын арзан көрінді. Бәкір, Жағыпар ағаларым бір-бірден алтын жүзік сатып алды да, ал ол бізде әрқайсысы 100 рубльден кем емес еді. Парча матаны мен Күләйша апамызға бердім, ол кісінің жұбайы Ленин колхозының председателі Әзімхан Исмаилов ағамыз менің Египетке бару жолдамалды төлеген екен.

Біз сол жылғы 5 қарашада Мәскеуге ұшып келдік те, қонақ үйлерге орналасуымыз керек болды. «Россия» қонақ үйіне орналасу үшін КПСС Орталық Комитеті қаржы-шаруашылық бөлімінен рұқсат алуымыз керек. Ол жерде партия қызметкерлері есебінде Нұрбай, Жағыпар ағайлар және мен кідіріссіз өттік те, Бәкір ағай мен Пердәлі екеуі тоқтап қалды. Сөйтіп тұрғанда сол жерге Қызылорда облыстық партия комитетінің бөлім менгерушісі Ыдырыс Қалиев келе қалмасы бар ма. Сөйлесіп, жағдай біліскеннен кейін Қалиевтің өтінішіне сай деп Бәкір ағай, оны көріп тұрып мен де өтініш жасап Пердәліге рұқсат алып, қонақжайға орналастық. Сол жерде отырып 7 қарашада Қызыл алаңда өтіп жатқан еңбекшілер шеруін тамашаладық. Ертеңіне бізді сол Мәскеуде тұратын, бұрын ГАИ қызметкері болған Әкім Мұхамеджанов ағамыз үйіне шақырды. Сол күні Жағыпар, Бәкір ағалардың шақыруымен әйелдері келіп, олар да бірге болды. Ол кісілер қой сойып, дастарқанға қойтын керек жарактарын әкеліп, кішігірім той жасап жіберді.

Мұнан кейін де партия қамқорлығы арқасында жылына бір рет берілетін демалыс кезінде Мерке, Сарыағаштағы демалыс кезінде Өзбекстанның Самарканд қаласында да болдым.

— Әсерлі әңгімеңізге рақмет, ақсақал!





Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдету туралы тапсырмасына сәйкес Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жана тәсілдер әзірлеген болатын. Сәйкесінше, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №177-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңымен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

## ХАЛЫҚҚА ӘДІЛ, АДАЛ, АШЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Атап айтқанда, заңның мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, біліктілік талаптары, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе қайтадан кіретін азаматтарды іріктеу, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурс және мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалауға қатысты баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аталған өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық рәсімдерді өткізбестен тағайындалу құқығы бар тұлғалардың шеңбері кеңейтіліп, мемлекеттік қызметке кіру шарттары біршама жеңілдетілді.

Қазіргі таңда мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарын аяқтаған үздік тұлғалар аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшелерінің келісуі бойынша конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындала алады.

Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жоғары үлгерімін көрсеткен тұлғалар оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде елорданы қоспағанда, жергілікті органдардағы жекелеген басшылық емес лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындау мүмкіндігі қарастырылды.

Сонымен бірге «Б» корпусының жоғары лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен облыстық бюджеттен қаржыландырылатын облыстық атқарушы органдардың басшысы лауазымдарына конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау мүмкіндігі беріліп отыр.

Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметшілері үшін жауапкершілігін арттыруда.

Тағы бір өзгеріс, енді мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен, яғни ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің немесе оның аумақтық департаменттерінің келісімімен бекітілуде.

Айта кету керек, бұған дейін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен бекітіліп келген болатын.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалауға қатысты енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді екі тоқсан бойы тиімсіз деп бағаланған қызметшілердің лауазымы төмендетіледі, ал төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болмаған немесе мемлекеттік қызметші ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартқан кезде мемлекеттік қызметші атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығарылады.

Бұл аппаратты тиімсіз мемлекеттік қызметшілерден босатуға ықпалын тигізіп, мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдетеді. Қазіргі таңда агенттікпен мемлекеттік қызметке іріктеу мен оны өткеруді толық цифрландыру арқылы «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Е-қызмет» жүйесінің сыртқы порталында іске асырылатын мемлекеттік қызметке жана іріктеу алгоритмі әзірленді, онда конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстық рәсімнің жана форматы үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әнгімелесуден басқа барлық кезеңде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді.

«Е-қызметте» барлық маңызды ақпараттық жүйелермен интеграция жасалған. Ол мемлекеттік қызметке үміткерлерді артық құжат жинаудан босатады. Өзге ақпараттық жүйелерден үміткер туралы ақпарат алу, оның соттылығы немесе өзге бұзушылықтарға қатысу бар-жоғын тексеру, біліктілік талаптарына сай келуін қарау – мұның бәрін автоматты түрде жүйе өзі жасауда.

Мемлекеттік қызметтегі кадрлық процесстерді одан әрі цифрландыру мақсатында был «Е-қызмет» жүйесінің 14 модулі жаңартылады. Оның ішінде «Тәртіптік бақылау», «Бағалау», «Іс-сапарлар», «Тағылымдама», «Оқыту» модульдері бар. Бұл жұмыс 2023 жылы аяқталып, жаңартылған жүйе осы жылдың басынан барлық мемлекеттік органдарға қосылууда.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде заң жобасын әзірленді.

Онда:

Біріншіден, Президент шешімімен саяси қызметшілерді «сенім жоғалтуына» байланысты жұмыстан шығару мүмкіндігі енгізіледі. Мұндай себеппен шығарылған қызметші мемлекеттік қызметке үш жыл бойы қайтып келе алмайтын болды.

Екіншіден, өзге өңірге ротацияланған қызметшіге үй жалдауға төлем енгізілді. Бұл қызметшілерді өңірлерге ротациялануға ынталандыруда.

Үшіншіден, мемлекеттік органдарға нақты бір жобаны атқару үшін уақытша шарт (контракт) бойынша жұмыскерді алуға мүмкіндік берілді. Мұндай жұмыскерлер мемлекеттік лауазымдарды атқармайды және белгіленген уақытқа ғана алынатын болады. Бұл жанашылдық Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасына сай енгізілуде.

Төртіншіден, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақыты режимінің сақталуы реттелетін болды. Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізілуде.

Бесіншіден, мемлекеттік органдардағы басқарушы және атқарушы лауазымдар саны реттеледі. Қазіргі кезде кейбір мемлекеттік органдарда бір не екі қызметшіден құрылған бөлімшелер бар. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік органдардың онтайлы және тиімді құрылымын қалыптастыру.

Мемлекет басшысының Жолдауында Агенттікты толыққанды стратегиялық HR институты етіп қалыптастыру тапсырмасына сәйкес басты назар мемлекеттік органдардың операциялық кадр қызметін сүйемелдеуден, персоналды басқару, іздеу, «тұрақтандыру» және дамыту мәселелеріне ауысуда.

Бұл ретте кадр рәсімдерін цифрландыруға, конкурстың ашықтығын қамтамасыз етіп, меритократия қағидатын күшейтуге назар аударылууда.

Бүгінде агенттікпен рекрутинг (қызметкерді іздеу, тарту), талант-менеджмент, ассесмент (бағалау) және өзге де жана құралдар жүзеге асырылууда. Агенттік мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғап, кадр саясатының тиімділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік қызметке «кіруден»

бастап зейнетке шыққанға дейін сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Екіншіден, мемлекеттік органдардағы кадр қызметтерінің рөлі ұлғайып, олар өз органдарында HR стратегиясын жоспарлайтын болды. Сондай-ақ оларға кадрлық шешімдер қабылдау құқығын беру ұсынылды (бағалау, марапаттау, жазалау, т.б.).

Үшіншіден, мемлекеттік қызметтегі HR құралдар қайта қарастырылады. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар мен құзыреттерді, оларды бағалау және оқыту жүйелерін, әдеп жүйесін өзгерту қызметін қайта қарастыру ұсынылады. Бұл ұсыныстардың жүзеге асуы агенттікты стратегиялық HR институты ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Жастар кадрлық резерві – мемлекеттің резерві». Жастар кадрлық резерві қазіргі таңда өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Жыл өткен сайын қабілетті, дарынды жастардың бұл жобаға қатысуға қызығушылығы артауда.

Бүгінде Өңірлік жастар кадр резервіне іріктеудің үшінші кезеңі аяқталып, осы жылдың тамыз айында мәре қорытындысы белгілі болады. Жетімпаздар қатарынан білікті де білімді мамандарды көреміз деген үміттеміз.

Жалпы, әрбір мемлекеттік қызметші мемлекетшіл болуы керек. Ол үшін тек білімді және қызметші болу жеткіліксіз. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Бұл жерде мінез деп адамның ішкі рухын, адамдардың игілігі үшін елге қызмет етсем деген жүрек қалауын айтып отыр емес пе?! Елге қызмет ету – абыройлы міндет. Осы қағиданы әрбір мемлекеттік қызметші қаперінде ұстауы керек.

Түйіндей айтқанда, біздің негізгі міндетіміз – халыққа әділ, адал, ашық қызмет көрсететін кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыру.

**Ж.ШЫНТАСОВ,**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы

**Адамзаттың бойындағы асыл қасиеттер парасат биігіне жетелейді. Дана бабаларымыздың өсиетіне қарасаның, ұрпақты әділ, шыншыл болуға үндеген. Адалдық бар жерде, адамдық өшпейді. Сондықтан қай істе де адалдықтан аттамаған жөн.**

Қостанайлық К. деген зейнеткердің атынан банктен 1 миллион теңгеден астам несие рәсімделіп, ақша зейнеткердің есепшотына түсіп, сол күні Қызылорда қаласының тұрғыны А-ның есепшотына аударылған.

Зейнеткер өзінің алаяқтарға айдын күнінің аманьнда алданып қалғанын біліп, дереу полиция бөліміне

арыз беріп, осы жағдай бойынша қылмыстық іс қозғалған. Бірақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның анықталмауына байланысты сотқа дейінгі тергеу тоқтатыла тұрған.

## ЗЕЙНЕТКЕРДІҢ АҚШАСЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Кейіннен анықталғандай, алаяқтар мобильді қосымшаларды қолдану арқылы зейнеткердің атынан несие рәсімдеп, зейнеткердің есепшотына ақша түскен. Одан кейін ақша жауапкердің есепшотына аударылып, әрі қарай жауапкердің басқа есепшотына аударылған.

Зейнеткер қызылордалық азаматқа ақшаны қайтару туралы өтініш айтқан.

Алайда ол есепшотына негізсіз түскен ақшаны қайтармаған.

Осыған байланысты зейнеткер Қызылорда қалалық сотына жүгініп, жауапкерден ақшаны өндіріп

беруді сұраған. Бірінші саты соты талап қоюшының талабын қанағаттандырып, жауапкерден ақшаны өндіру туралы шешім шығарған.

Жауапкер сот шешімімен келіспей, апелляциялық шағым берген. Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы істің мән-жайын егжей-тегжейлі зерттеді.

Істі қарау барысында зейнеткер мен жауапкер арасында ақшалай міндеттемелердің жоқ екені анықталған. Бұл жерде жауапкердің негізгі аударылған ақшаны қайтармай, өзіне

иемденіп, пайда табуы көздегені байқалады. Сол себептен, сот алқасы негізсіз аударылған ақша зейнеткерге қайтарылуға жатады деген тұжырымға келді.

Себебі жауапкер белгісіз тұлғадан ақша түскен кезде оның негізін анықтау және қайтару шараларын қолдану үшін банкке жүгінуі қажет еді. Сонымен қоса, өзіне тиесілі есепшотты басқа

тұлғалар қолданғаны белгілі болған жағдайда, банкке хабарласып, жүзеге асырылатын операцияларды бұғаттау туралы өтініш білдіруі керек болатын.

Сот алқасы бірінші саты сотының шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырды. Осылайша зейнеткердің ақшасы өзіне қайтарылды.

Осы санаттағы істердің белең алуына байланысты азаматтарымызға барынша сақ болуды, өзінің жеке телефон нөміріне банктерден келген SMS кодтарын бөгде адамдарға хабарламауды сұраймыз.

**Шолпан МА.ЛИКОВА,**

Қызылорда облыстық сотының судьясы

## БАЖ АЛЫМДАРЫН КЕРІ ҚАЙТАРУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ, ТӘРТІПТЕРІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

Баж алымдарын кері қайтару Салық кодексінің 108-бабына сәйкес жүргізіледі. Баж алымы төлем жасалған орны, жері бойынша кері қайтарылады, баж алымын қайтару кезінде электронды өтінішіңізбен (15 қосымша) қоса осы баж алымын кері қайтару негіз болып табылатын құжаттың қосындысын бірге тапсыру қажет.

Бұл ретте заңдылықтарға сәйкес заңды күшіне енген сот шешімі немесе ұйғарымы болуы тиіс. Егер салық төлемгер баж алымы кәте төлеген жағдайда уәкілетті жауапты органнан осы баж алымы қолданылмағандығын, ешқандай іс-шағым тіркелмегендігін растап берген анықтама қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық түрін электронды түрде жүзеге асырудың негізгі мақсаты біріншіден, халыққа тез әрі сапалы қызмет көрсету болса, екінші жағынан сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызбау болып саналады.

Қазір барлық өтініштер 100 пайыз электронды түрде жүзеге асырылады. Барлық салық төлемгері баж алымдарын кері қайтару үшін өтініштерін, яғни 15-ші қосымшаларын қайтаруға негіз болып

табылатын құжаттарын тіркеп, бюджетке баж алымына төлем жасаған өз банктік есеп шоттарын көрсетіп, е-салық қосымшасы арқылы немесе салық төлемгерінің кабинеті арқылы электронды түрде жолдай алады.

Баж алымы, 108126 бюджеттік сыныптама коды бойынша артық немесе кәте жасалған төлемдерді қайтару үшін тиісті жауапты уәкілетті органның қайтаруға негіз болып табылатын құжаты міндетті түрде қажет.

Салық кодексінің заңдылықтарын басшылыққа ала отырып өтініштердің қаралу мерзімі 5 жұмыс күні болып саналады. Яғни, өтініштер келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде өңделеді. Салық төлемгерлерінің өтініштерін орындау кезінде кемшіліктер туындаған жағдайда электронды түрде арнайы түсіндірме хаттары жолданады.

**Д.МУСТАФАЕВ,**

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Талдау және есепке алу бөлімінің басшысы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 3 маусымдағы ұйғарымымен ЖК Ахметова Алтын Абдуллаевнаға (ЖСН 680806400464) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Арай ш/а 1, тел.: 87788180737.

### РЕАБИЛИТАЦИЯ

Определением Специализированного межрайонного экономического суда по Кызылординской области от 03.06.2024 года в отношении ИП Ахметова Алтын Абдуллаевны (ИИН 680806400464) возбуждено гражданское дело о применении реабилитационной процедуры.

Всем кредиторам и заинтересованным лицам необходимо обращаться по адресу: г.Кызылорда, м/н Арай 1, тел.:87788180737.



## ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМ – ЖУРНАЛИСТИКА

Адамзат баласының өміріндегі ең жауапты да маңызды сәттердің бірі – мамандық таңдау.

Мамандық таңдаудан кателеспеу керек. Себебі сенің таңдауың өміріңді өзгертпей, болашағың ертеңгі күнің болмай ма? Менің ойымша, әрбір адам өз түйсігіне, жүрек қалауына сеніп,

болашақ мамандығын таңдауы қажет.

Менің қазіргі таңдауым – бала кездегі арманым журналист болу. Бұл біреудің айтуы немесе ата-анамның қалауы емес. Жүрегім қалап тұрған арманымның болашақта шындыққа айналғанын қалаймын.

Журналистика – қиын да қызықты мамандықтардың бірі. Батылдықты, шыдамдылықты

және тапқырлықты талап етеді. Әрқашан шындықты көрсетіп, әділдікті жақтайтын адам ғана журналист бола алады. Қоғамдағы өткір мәселелер де журналистің қозғау салуымен жарияланып жататыны шындық.

Менің мамандығым – менің болашағым. Болашақта өз ісімің шебері болып, қарапайым халыққа көмектескім келеді.

## ДЕНІ САУ АДАМНЫҢ МЫҢ ТІЛЕГІ БАР

«Дені сау адамның мың тілегі бар, ауру адамның бір тілегі бар» деген сөз әркез мені ойландырады. Меніңше, әрқашан саламатты өмір салтын ұстанып, денсаулығын күтіп, қадірін білетін адам болашағына немқұрайлы қарамайтындардың санатына жатады.

Ата-бабаларымыз «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаса керек. Себебі адамның денінің сау болуы – баға жетпес басты құндылық.

Кейінгі жылдары саламатты өмір салтына, айналаны көгалдандыруға, қоршаған ортаға деген зиянды азайтуға аса мән беріліп, бұл мәселе қолға алынып келеді. Осы тұрғыдан өз денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауды өскелең ұрпақтың бойына қазірден бастап сіңіру қажет. Өйткені адам өмірінде деннің саулығына жетер ештеңе жоқ. Мәселен, байлығымыз асып-тасып жатқанымен денсаулығымыз болмаса, дүниенің қызығынан не пайда? Адамның жиған-терген дүние-мүлкі мен қаражаты оның құлан-таза саулығына мүлдем көмектесе алмауы мүмкін. Деннің саулығынсыз табысты болуға ұмтылудың да мәні жоғалады.

Біз тек ауырып, қиналған уақытта ғана сау кезіміздің қадірін білеміз. Деннің саулығы мен бос уақытының қадірін білмеу – адам баласына тән жағдай. Көбіне адамның денсаулығы оның тамақтануымен тығыз байланысты. Экологияның нашарлауы, қозғалысыз өмір салты, фастфуд тағамдар адам ағзасына, әсіресе жастардың саулығына кері әсерін тигізеді.

Егер ұзақ әрі бақытты өмір сүремің десеніз, денсаулықты сақтау қағидаларын ескеру керек. Дені сау адам – қоғамның белсенді бір мүшесі және ұлттың байлығы.

Табиғат – адам баласы өмір сүріп жатқан орта, ортақ мекен. Адамның тағдыры табиғатқа байланған. Табиғат болмаса адамзат баласы өмір сүре алмас еді. Алайда таза ауасы мен шипалы суы, ну орманы мен асқар таулы мекеннің қадірін білмей жататынымыз өкінішті.

## ТАҒДЫР – ТАБИҒАТ

Қоршаған ортамыздың суы лас, айналасы коқыс болса, оның пайдасынан зияны көп екені айтпаса да белгілі. Сондықтан табиғатты аялап, ағаш отырғызып, қамқорлық танытып, қадірлеу – адамның парызы. Орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен-көлдердің ластанбауына ерекше мән беруіміз керек деп ойлаймын. Табиғаттың әсері адам өмірінде орасан зор маңызға ие. Мысалы, қыста боран немесе аяздың, көктемде су тасқынының болуы тіршілікті жоқ қылады деп те айта аламын.

Адам табиғатқа қамқорлықпен, мейірімділікпен қараса, мәңгі құтты мекеніміз болып қала береді.

## МЕКТЕП ЖӘНЕ МЕН

Мектептің адамзат баласына беретіні көп екен. Он бір жыл бойы кез келген адам өзіне жақын достар, өзі жайлы сезінетін орта және болашақ үлкен өмірге тәжірибе жинап, білім алып, жарқын келешегінің іргетасын қалайды екен. Ортамен, адамдармен қалай қарым қатынас жасауды да мектептен үйреніпсіз.

Білім ордасында ең қызықты сәттер сыныптастармен байланысты. Мысалы, кейбір сабақтарды орындамай, төмен баға алғанымыз немесе ара-тұра сабаққа барғымыз келмейтіні, т.с.с. бәрі-бәрі жылы естелік болып қалатынына сенімдімін. Ал ұстаздарымыз шәкірт бойына бар білгенін үйрете отырып, өз өмірін оқушының болашағына арнап келеді. Мектеп қабырғасында өткен әрбір күн, аяулы мұғалімдеріміздің қырық бес минут сабағы балалық шағымның естен кетпес уақыты болып қала бермек. Себебі біз үшін, түлектер үшін мектептің соңғы қонырауы соғылды. Мектеппен қоштасу – балалықпен қоштасу екен.

Өміріміздің ең керемет уақытының қонырауы соғылды, достар!

Айжан ТАЛҒАТҚЫЗЫ,  
И.Құтпанұлы атындағы ЖББОМ  
11-сынып оқушысы

## ЖУРНАЛИСТИКА ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Бала күнінде нәлемде болып жатқан оқиғаларды хабарлап, оны түсіндіруге көмек беретін журналистерге қатты қызығатынымын. Жалпы журналистика қоғамдық пікірді қалыптастыратын маңызды мамандықтардың бірі деп есептеймін.

Қазіргі қоғамда журналистиканың рөлі зор. Журналистер ақпараттың шынайлығы мен объективтілігін қамтамасыз ету арқылы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Журналист болуға бірнеше себеп бар: әлемді тануға деген құштарлық, әділеттілік пен шындыққа ұмтылыс, өзгерістерге ықпал ету.

Журналистика – бұл тек мамандық емес, сонымен қатар ауқымды миссия, үлкен жауапкершілік. Менің ойымша, бұл өте қызықты мамандық. Бұл мамандықты таңдау арқылы қоғамға пайдалы болуды және адамдарға қажетті ақпаратты жеткізуді көздеймін.

Өнер адамның ішкі әлемін, сезімі мен ойын, өмірлік тәжірибесін бейнелейді. Көптеген өнер туындыларында адам сұлулық пен мінсіздіктің символы ретінде бейнеленеді.

## ӨНЕР – ЭМОЦИЯ

Өнердегі адам жиі өзінің терең сезімі мен эмоциясын көрсетеді. Қазіргі заманғы өнердегі адам бейнесі әртүрлі және көпқырлы деп есептеймін. Мысалы, цифрлық өнерде адамның бейнесі виртуалды және кеңейтілген шындық контекстінде қарастырылады. Бұл – көпқырлы және өзгермелі образдар.

Өнер сұлулық пен мінсіздік, сезімдер мен эмоциялар, әлеуметтік және мәдени контекст, рухани ізденістер және қазіргі заманғы мәселелерді бейнелейді. Осылайша өнердегі адам образы әрқашан маңызды және өзекті болып қала береді әрі болашақта да жаңа қырымен байып, үнемі дами береді.

## ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҚАҺАРМАНЫ КІМ?

«Заманымыздың қаһарманы» деген ұғым әр кезеңде әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін.

Бұл ұғым белгілі бір уақыттың, қоғамның және мәдениеттің құндылықтары мен идеалдарына сәйкес келетін тұлғаны сипаттайды. Заманымыздың қаһарманы – бұл әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе экологиялық мәселелерді шешуге үлес қосатын, қоғамның дамуына ықпал ететін, өз іс-әрекетімен үлгі болатын адам.

Заман қаһарманының басты ерекшелігі – оның қоғамға тигізетін оң әсері және адамдарға үлгі бола білуі. Олар қай істе де батылдық пен табандылық көрсетеді. Өз ісіне адал және мақсатшыл келеді. Жаңа идеялар мен шешімдерді іздейді және енгізеді. Қоғамның дамуында және жақсаруында маңызды рөл атқарады. Әрекеттерімен өзгелерді шабыттандырады.

Қаһарман болу – бұл тек жетістіктерге жету ғана емес, сонымен қатар қоғамға қызмет ету, өзгерлерге үлгі болу және болашаққа оң өзгерістер әкелу.

Аружан МҰРАТҚЫЗЫ,  
И.Құтпанұлы атындағы ЖББОМ  
11-сынып оқушысы

Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы. Жанакорған ауданының орталығындағы музейден түрлі тарихи қазыналарды тамашалап, соның ішінде «Киіз үй» жәдігері туралы мәліметтерді табу қызықтыра түсті.

### КИІЗ ҮЙ

Киіз үй қазақ халқының дәстүрлі баспанасы болған. Киіз үй тек өмір сүруді қамтамасыз ететін баспана ғана емес, сондай-ақ ол материалдық мәдениеттің көрінісі. Ол тез жылы, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп қонуға лайықталып жасалған. Киіз үйдің пайда болған уақыты қола дәуіріне тұспа-тұс келеді.

### КИІЗ ҮЙДІҢ ТАРИХЫ

Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі. Көшпелі өмірге ыңғайлы болғандықтан киіз үйді пайдаланған. Ауа райы жағдайына және мекендейтін аймағына байланысты қазақтардың қыста немесе жазда тұратын тұрғын үйлері әртүрлі болған. Олар жазда киіз үйде, қыста тұрақты салынған жылы жайларда тұрған. Олардың барлығы дерлік киіз үй формасын сақтаған. Қазақтардың өте ертеде тұрған тұрақты үйлері шошала деп аталған. Ол дөңгелеген бір бөлмелі конус немесе жарты ай сияқты күмбезделген. Шошаланы ағаштан кесіп, тоқып немесе ойылған тастан, күйдірілген кірпіштен қалаған.

### КИІЗ ҮЙ ҚАНДАЙ БӨЛІКТЕН ТУРАДЫ?

Киіз үй негізгі үш элементтен тұрады: кереге, уық, шаңырақ. Жылжымалы тор көз – кереге, кереге басы мен шаңырақты жалғастыратын ағаш – уық, киіз үйдің төбесі – шаңырақ. Ал, киіз үйдің кеңістігіне келер болсақ, ол 5 бөлiктен тұрады: ошақ, қонақтарға арналған орын, ерлерге арналған бөлiк, әйелдерге арналған бөлiк және босаға.

Киіз үйдің орталығы – ошаққа арналған орын. Кіретін жерге қарсы тор – қонақтарға арналған құрметті орын. Бұл жерде үйдің көркін ашатын сәнді кілемдер, оюлы көрпелер, қамшылар, тіпті қасиетті қара домбыра ілулі тұрған. Босағадан (кіре берістен) солға қарай ерлерге арналған орын. Әлбетте, бұл жерден ерлерге керек қару-жарақтар, ат әбзелдері, аспаптар, қасиетті тұмарлар орын алған. Әйелдер қауымы үшін кіре берістен оңға қарай шымалдықпен бөлінген, ыдыс-аяқ, керуеу, үй жабықтарымен қамтылған бөлiк болған. Төрге қарама-қарсы, есіктің жанындағы кеңістік – босаға. Қазақ этносы үшін босаға өте киелі саналған. Оған Сырым Датұлының «Босағадан биік тау жоқ» деген сөзі дәлел.

Керегенің әр бөлігі канат деп аталатын қабырғалардан тұрады. XVIII ғасырдан бастап, XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін 12, 15 және 18 канатты киіз үйлер болған. Керегелер торкөз, желкөз деп бөлінеді. Керегенің басы мен шаңырақтың ортасын үш ағаш шыбықтар – уық тұтастырып тұрады. Үйдегі кереге басы қанша болса, сонша уық керек.

Академик Әлкей Марғұланның «Казакская юрта и ее урбанство» деген еңбегінде «30 канатты хан ордалары болған» деген дерек келтірілген.

Қайыңды иіп немесе бірнеше иіндіні қималастырып шеңбер бейнелес етіп шаңырақ жасалған.

Өн бойына уық шаңшылатын төрт бұрышты тесіктер қашайды. Оны шаңырақ көзі дейді. Көздері керегенің басына, үш-үштен, кейде төрт-төрттен айкастырған бұғулі шыбықтар бар, оны күлдіруіш дейді.

Киіз үйдің сәнді, өте әшекейленген есігі сықырлауық деп аталады. Ол ортасынан ашылып-жабылып тұратын жарма есіктерге ұқсайды. Есік ашылып-жабылғанда сықырлап тұрады. Киіз үйдің есігі табалдырық пен маңдайша және екі жақ босағадан тұрады. Босаға тұзу ағаштан жасалады. Маңдайша мен табалдырық жуан қайыңнан шабылып, сүргіленеді. Артында ою-өрнекпен әшекейленеді.

Маңдайша киіз үй керегелерінің жоғары бастарын тұтас конструкцияға айналдырады. Маңдайшаға маңдай уықтар бекітіледі, ол босаға мен сықырлауықтың жоғары жағын ұстап тұрады.

Табалдырық – маңдайшаның жердегі көшірмесі. Тек табалдырықты көп сәндемейді, бір түспен сырлайды. Табалдырық пен маңдайшаға кереге тіреліп, жалпақ сәнді құралмен бекітіледі. Табалдырықты баспайды, табалдырыққа отырмайды.

Босаға маңдайша мен табалдырық арасын белгілі бір қашықтыққа ұстап тұрады, кереге бекітіліп, адамдардың үйге кіріп-шығуы үшін арнайы жасалған.

Киіз үйдің ішіндегі торларды туырлық және жапқымен жапқан. Киіз үйдің сыртын киізбен жабады. Киіз үйдің киізден жасалатын жапқыштары үй корпусына баумен немесе орнекті құралмен, үлкен түкті кілеммен және басқұрмен бекітілген. Басқұр жасалуына қарай ақ басқұр және ала басқұр деп екі түрге бөлінеді. Екеуі де өрмек тоқу әдісі арқылы тоқылған.

Жел бау – киіз үйдің шаңырағын қатты жел аударып кетпес үшін шаңырақтың күлдіруіш ағашынан төмен тартып бастыруға пайдаланылатын шапшақты бау.

Бас бау – туырлықтың, үзіктің жүннен есіп жасалған жоғары баулары.

Уық бау – керегенің бастарына уықтың аяғын бекітетін бау. Бауды бояуға ақ, жасыл және сары түс пайдаланылған.

### КИІЗ ҮЙДІҢ ТҮРЛЕРІ

Қазақтың киіз үйлері қолданылуына қарай негізгі үш түрге бөлінген: тұрғын үй қызметіндегі киіз үй; қонақ қабылдауға арналған той киіз үйі; жылжымалы киіз үй. Бұлардан басқа қойма және сарай орнына қолданылған асхана киіз үйі болған.

Киіз үй жабықталуына қарай да ажыратылған. Оларды арбамен тасымалдау үшін бірнеше түйе қажет болған. Орташа жағдайы бар қазақтың киіз үйі де көлемі жағынан шағын болған. Оларды бір түйемен тасымалдауға болады.

Қазақтың ақ үй, ақ орда, боз үй, отау үй деп аталатын қонақ үйлері көз тартар көркемдігімен ерекшеленген.

Сондай-ақ қазақ халқының жас жұбайларға арналған отау үйі де жасауға бай және сәнді болған. Мұндай киіз үй жиһаздардың әдемілігі, сәнділігі жағынан тіпті билеуші үстем таптың ордасынан да асып түскен.

Жас жұбайларға арналған үйдің екі түрі болған: отау үй және күйме.

Отау – қазақтың байырғы сөздерінің бірі. Отау деп көп жағдайда үлкен үйден бөлініп шыққан, бірақ әлі сол ауылдың ықпалымен көшіп-қонатын үйді атайды.

Күймелі арба қыпшақтар мен ноғайлардың, қазақтардың көшіп-қонғанда, жолда ұзақ жүргенде пайдаланылатын тұрғын үйі. Оларда тек қыздар мен балалар тұрған. Рубрук ол туралы былай жазған: «Әйелдер өздеріне тән әдемі күймелер жасатқан. Олар бойжеткен қыздар тұратын бөлме қызметін атқарған».

Киіз үйдің тағы бір түрі – жорық киіз үйлері. Ол арнайы әскери жорыққа арналған. Ол сәнді жабықсыз, шағын көлемді болған. Жорық киіз үйінің бір түрі – жолым үй.

Көш кезінде шаршаған малдың, көш көліктің жағдайына қарап аз уақытқа тоқтап, бума уықтардың басын түйістіріп, үстіне киіз жауып жасаған баспананы жолым үйі атаған. Бұл сөз жолшыбай жасалған үй деген мағына береді.

Киіз үйдің тағы бір түрі – жабасалма. Көшіп, не керуен салып келе жатқанда бір қонып аттанатын жағдайда екі керегені жайып, бастарын түйістіріп, бекітіп, үстіне киіз жауып жасаған баспананы жабасалма деп атаған.

Жабасалма мен жолым үйдің ішінде от жақпайды.

### КИІЗ ҮЙДІ ЖАБУ ӘДІСТЕРІ

Қазақ киіз үй жабатын киіз бұйымдарын түндік, үзік, туырлық, іргелік деп бөледі.

Түндік – киіз үйдің шаңырағын жабатын киіз. Төртбұрышты пішіліп, шаңырақ диаметрінен 50-60 сантиметр молдау жасалады.

Үзік киіз үй сүйегінің шаңырақ қырынан бастап уық бойын тұтас жабады.

Туырлық кереге бойын жабады. Іргелік керегенің аяқ жағын жабады.

Мен сөзімді қорытындылай келе киіз үй қазақ этносы үшін ең ыстық ұя дегім келеді. Киіз үй қазақ халқы V-VIII ғасырлардан бастап, бүгінгі күнге дейін бауырына басуда.

Шапағат ҚОЖАМҰРАТ,  
№167 орта мектебінің  
10-сынып оқушысы,  
Жанакорған ауданы,  
Жаңарық ауылы





## Ақындар Ақтөбе төрінде



Ақтөбе қаласының 155 жылдық мерейтойына орай қала әкімдігінің қолдауымен, қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен республикалық «Жыр жауһары» атты жас ақындар арасында поэтикалық дуэль өтті.

Ұйымдастыру алкасы хабардар еткеннен бастап, ақындармен басымды қосылатын күнді тағатсыздана күттік. Әлеуметтік желіде топқа қосылған ақындардың барлығы да қаламдас достар мен көзқорған таныстар. Аз-кем алаңдап жүргенде аттанатын күн де туды. Теміржол вокзалынан бастап, гүлімен қарсы алған ақжүрек жандардың аппақ ниетіне көңіліміз жылып сала берді. Алып-ұшып жеткен ақындарды алақанында аялап, аяғын жерге тігізбеген ақтөбелік ағайынның қонақжайлығына тәнті болдық.

Жас ақындардың жарқырап көрінуіне жол ашу, шығармашылық ізденісіне жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған поэтикалық дуэльде Астана, Түркістан, Жезқазған, Қызылорда, Семей, Атырау, Орал, Шымкент және Ақтөбе қалаларының жас шайырлары бақ сынады.

Жыр додасына қатысқан 12 ақын үш кезең бойынша сынаға түсті. Алғашқы кезеңде «Таудан биік Ақтөбем» тақырыбында Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арнау өлеңдерін оқыса, «Жастар жырлайды» атты екінші кезең патриоттық тақырыптағы поэзияға ұласты. Ал «Жыр жауһары» атауын алған үшінші кезеңде іріктелген 4 ақын сахна төрінде кезектесе отырып, еркін тақырыпта өлеңдерін оқыды.

Республиканың түпкір-түпкірінен жиналған қатысушыларға ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Семей өңірі филиалының төрағасы Мерей Қарт, ақтөбелік жас жазушы, Жазушылар одағының мүшесі Әлихан Жақсылық және филология ғылымдарының докторы Рита Жұмағалиева қазылық жасады. Олар кіл жүйріктен шың жүйрікті анықтау қиынға соққанын жасырмады.

Сайыс нәтижесінде үшінші орынды еншілеген ақтөбелік Дәурен Тілеухан өз өлеңінде қалаға былайша ақтарылып сыр ашады:

Сап түзеп салтанатты бағаналар,  
Бейуақта жарқ-жүрк етіп жанады олар.  
Ақтөбе, бәрі осының бір күндері  
Елес боп екеумізден қала барар...

Туған жерге деген махаббат пен оған деген сағыныш тірі жанның жүрегінен ешқашан өшпек емес. Қос қолын төбесіне қойып безіп кеткен

пенденің өзін түптің түбінде балалығы өткен сол мекендегі жылт еткен сәулелі сәттер әйтеуір бір сағындыратыны анық. Адам топырақтан жаралған болса, жанымыздың бір бөлшегін туған жердің топырағынан жаратқан ба дерсің. Оған Гүлнәр Салықбайдың мына өлеңі дәлел:

Арнау таппай тасып келдім,  
Жылай алмай жасып келдім.  
Өзімді іздеп кеткен едім,  
Енді өзімнен қашып келдім.

Ал екінші орынды иемденген Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тумасы, жас ақын Дәурен Жалдырасын өз өлеңін былайша өреді:

Оянғанда кештерде сен шам болып,  
Қызықтайды көзіңді ел сән көріп.  
Ескі ойлардың үстінде мен жыр жазып,  
Ескі қала үстінде сен сәнденіп...

Қос құрлықтың ортасында орналасқан Ақтөбе қаласына биыл 155 жыл толды дегенмен, шындығында бұл қаланың тарихы әріректе жатыр. Қала аумағынан XVII-XVIII ғасырда өмір сүрген сұлтандардың қорымы табылған. Сонымен қатар дәл осы маңда ортағасырлық қала болғаны анықталған.

Оқ бойы оза шауып, бірінші орынды қанжығасына байлаған шымкенттік жас ақын Сезім Мергенбай Ақтөбеге арнауында:

Тәңір салып тау іздедім сабылып,  
Жол іздедім күдерімді мәпелер.  
Әлде сары Мұғалжардай сарылып,  
Ойға жем боп отыра ма әкелер? – деп толғайды.

Астарына үнісек, қазақ «Әке – асқар тау» дейді. Ал Сезімнің сезімге толы поэзиясында қазақ даласындағы таулар әке бейнесінде сипатталады. Қай-қайсысын алсаң да шашасына шаң жұқпай, шаршы топты жарып жүрген жас ақындарға жүзделі орындардан бөлек қатысқаны үшін қаржылай сертификаттар табысталды.

Қазақ поэзиясындағы алдыңғы буын ағалардың жалғасы, қаламы ұшырған жас ақындардың басын қосу үлкен мәртебе. Ақтөбе қаласында өткен осынау сапарымыз әрбіріміздің жүрегімізде ең аяулы сәт болып сақталып қалары хақ.

Аружан ОРАЛБАЙ,  
Қызылорда-Ақтөбе-Қызылорда

Бүгінде ағылшын тілі – нағыз іскерліктің тілі. Бұл тіл көпшілік адамға өзінің жеке өмірін, ортасын өзгертуге мүмкіндік беріп жатқаны баршаныңға мәлім.

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАЛАЙ ТЕЗ ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ?



Тек ағылшын тілін меңгеріп қана қоймай, «IELTS», «TOEFL» секілді халықаралық емтихандарға дайындалуға мүмкіндік береді.

**InterPress International House** – Қазақстанда бірнеше филиалы бар ағылшын тілін үйрету орталығы. Халықаралық стандарттарға сай оқу бағдарламалары, білікті мұғалімдермен жұмыс жасау мүмкіндігіне ие бола аласыздар.

Курстар мен платформалардан бөлек, қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту арқылы танымал болған мұғалімдер де бар.

Мағжан Советбек – әлемдегі үздік 20 ағылшын мұғалімінің қатарындағы ұстаз. Ол тиімді оқыту әдістерімен қатар интерактивті материалдар мен заманауи технологияларды пайдаланады. Жеке және топтық сабақтар өткізеді, сондай-ақ онлайн курстар мен вебинарлар ұсынады.

Гүлмира Серікқызы – еліміздегі ағылшын тілін үйрететін тәжірибелі маман. Оқушылары оның кәсіби тәсілі мен түсінікті әдістемесін жоғары бағалайды.

Ағылшын тілін біліп қана қоймай, дамуы орта тауып, шет елде оқи аласыз. Бірақ тіл үйренудің де тиімсіз жағы бар екенін білесіз бе? Ағылшын тілін үйрену көп уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Жақсы нәтижеге жету үшін сабақ, оқулық, тілдік курс немесе репетиторлардың қызметі қажет болуы мүмкін. Бұл айтарлықтай шығынды талап етеді.

Ал екіншіден, жана тілді үйрену кейде стресс туғызуы мүмкін. Сөздік қорды кеңейту, грамматика ережелерін меңгеру және сөйлеу дағдыларын дамыту ұзақ уақыт алып, құлшыныстың төмендеуіне әкеледі.

Дегенмен, ағылшын тілін үйрену барысында қандай қиыншылықтар жолықса да, сол кедергілерден өтуді мақсат ету қажет. Тіл үйрену арқылы үлкен мүмкіндіктерге ие боласыз. Ағылшын тілін үйрену – жеке және кәсіби өсуге жасалған маңызды қадам.

Ақбота СЕЙТҚАСЫМОВА,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
студенті

## БАЛМҰЗДАҚ – бала күннің балғын дәмі



Балмұздақ – жаздың ыстық күнінде салқындық сыйлайтын тәттінің бірі. Балмұздақтың шығу тарихы тым тереңде.

Ежелгі Қытайда шамамен біздің дәуірімізге дейін 2000 жыл бұрын мұздатылған тәттілер дайындалғаны туралы дерек бар. Олар қар мен жеміс шырынын араластырып, ерекше десерт жасаған. Кейінірек бұл дәстүр Парсы, Греция және Рим империясына тараған.

Еуропаға балмұздақтың келуі Марко Полоның Қытайдан әкелген рецептімен байланыстырылады. XVI ғасырда Италияда алғашқы балмұздақ сататын дүкендер пайда болды, ал Францияда балмұздақ патша сарайларының дастарқанынан көріне бастады.

Ең алғашқы балмұздақ дүкені 1776 жылы Нью-Йорк қаласында ашылған. Бұл сауда орнының иесі итальян-американдық Франческо Прокопио дей Чугон балмұздақты кеңінен танымал ету үшін үлкен еңбек сіңірді. Оның балмұздақтары сол кездің өзінде жоғары бағаланған және балмұздақ сататын алғашқы орын болып саналды.

Қазіргі кезде біз сүйсініп жейтін балмұздақтардың түр-түрі бар. Соның ішінде жазда ең көп таралған түрі – құйылмалы балмұздақ. Құйылмалы балмұздақты даярлау өте оңай әрі жылдам. 1934 жылы америкалық Чарльз Тейлор арнайы аппарат ойлап тауып, жұмсақ балмұздақ жасау технологиясын жетілдірді. Осы уақыттан бастап, салқын десерт танымалдыққа ие болып, көптеген елде қолданыла бастады.

Құйылмалы балмұздақтың дәмін татпаған адам кемде-кем, ал оның ерекше текстурасы естен кетпейді.

Ал енді, балмұздақтың классикалық түрін атап өтейік. Мұндай тәттіні азық-түлік дүкендерінен, балмұздақ сататын орындардан табуға болады. Қарапайым, біз дәмін татып жүрген балмұздақ десерті Гиннес Рекордтар кітабына енген десек, сенесіз бе?

2011 жылы АҚШ-тың Миннесота штатындағы дүкен әлемдегі ең үлкен балмұздақты жасап, Гиннесстің рекордтар кітабына енді. Бұл десерт 24 тонна салмақты құрап, арнайы дайындалған мұздатқышта 4 ай бойы сақталды. Десерттің биіктігі 3 метрден асып, оны жасауға 4 667 литр шоколад сиробы, 7 200 литр балмұздақ және 2 000 литр кілегей пайдаланылды.

Ал қызықты фактілерге келсек, Дубайдағы «Black Diamond» әлемдегі ең қымбат балмұздақ. Құны 817 доллар сумманы құрайды. Бұл шамамен тек бір порцияның бағасы.

Қымбат болуының негізгі себебі – Мадагаскар ванилі, ең қымбат итальяндық трюфельдер және Иран-

нан алынған шафран. Сонымен қатар, балмұздақтың үстіне 23 қаратты жеуге жарамды алтын үгінділері себілген.

Бір қызығы бұл балмұздақ қарапайым ас үйдегі ыдыстармен берілмейді, оны «Versace» брендінің арнайы қауашағына салып, ұсынады. Кейін балмұздақты тауысқан соң, ыдысын естелікке сақтап қоюға болады.

Иә, балмұздақ – тәтті әрі жеңіл десерт. Бірақ оның да зиян жағы бар екенін ескерген жөн. Мәселен, құйылмалы балмұздақ дайындалатын аппарат тың тазалығы жайлы біле бермейміз. Егер ол таза жерде жасалмаса, бактерия пайда болып, тұтынушыларға зиян келтіруі де мүмкін. Оның үстіне балмұздақ асқазанда ойық жарасы, созылмалы гастрит және тыныс аурулары бар адамдарға ұсынылмайды. Ауруды асқындырып жіберу мүмкін. Сондай-ақ, көптеген балмұздақ құрамында қаныққан майлар бар. Қаныққан майларды көп тұтыну холестерин деңгейін көтеріп, жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін арттырады.

Дегенмен, балмұздақ ерекше дәмімен адамдарға кішігірім қуаныш, сергектік сезімін сыйлайды.

Тәтті десерт – қуаныш пен көңілді сәттің символы.

Ақбота ШЫҒЫСҚЫЗЫ,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің студенті